ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 86 (3913)
17 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ



Құқықтық сауаттылық – өркениеттілік белгісі

3-БЕТ



Әлеуметтік желідегі қорлау: сөз бостандығы қай жерде аяқталады?

8-БЕТ



Жемқорлық жайлаған ортада даму болмайды

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҒЫЛЫМҒА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫНЫ ҚАДАҒАЛАУ ТЕТІГІ ӘЛСІЗ



Ғылымға бөлінетін мемлекеттік қаржының көлемін арттыру – елдің технологиялық әлеуетін нығайтудың маңызды шарты. Алайда қаржының өсуі өздігінен ғылыми серпіліске жол ашпайды. Оның нақты нәтижеге айналуы үшін қаражатты жоспарлау, жобаларды іріктеу, зерттеулерді жүргізу және олардың нәтижесін өндіріске енгізу жүйелі түрде жолға қойылуы керек. Өкінішке қарай Құрылтайда тыңдалған Жоғары аудиторлық палатаның есебі бұл тұрғыда кемшіліктердің барын көрсетті.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАЛҚЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында Азаматтық кодексті дайындау туралы тапсырма берді. Осыған орай «Азаматтық кодексті жаңғыртуға қандай қажеттілік туындады? Жаңа кодекс қандай болуы керек?» деген сауалды мамандар талқысына салған едік.

ЖАҢА АЗАМАТТЫҚ КОДЕКС ЗАМАНҒА ЕМЕС, АДАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС



Шынар СОВЕТХАН,
Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы:

Заңның тиімділігі өміршеңдігімен өлшенеді

Қолданыстағы Азаматтық кодекс қабылданғаннан бері елімізде көптеген экономикалық және әлеуметтік өзгерістер орын алды. Нарықтық қатынастар дамып, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі күрделене түсті. Цифрлық экономиканың қалыптасуы, электрондық сауда мен цифрлық активтердің кеңінен қолданылуы азаматтық-құқықтық реттеуге жаңа міндеттер жүктеп отыр.

Осы уақыт аралығында енгізілген өзгерістер азаматтық заңнаманың жекелеген институттарын өзара байланыстыра отырып, қайта зерделеу қажеттігін көрсетті. Құқықтық нормаларды жетілдірумен қатар, олардың бірізділігін қамтамасыз ету де маңызды. Заң нормаларының мазмұны мен оларды іс жүзінде қолдану арасында алшақтықтар туындауы мүмкін. Осыған байланысты сот тәжірибесінде кездесетін даулы мәселелерді, құқықтық олқылықтар мен нормаларды әртүрлі түсіндіру жағдайларын ескеру қажет. Демек, Азаматтық кодексті жаңғырту – заңнаманы тек техникалық тұрғыдан жетілдіру емес, оның қағидаттары мен құқықтық институттарын қазіргі қоғамдық қатынастарға сәйкестендіру үдерісі.

Азаматтық кодекс азаматтардың құқықтарын қорғайтын, түсінікті әрі күнделікті өмірде тиімді жұмыс істейтін заң болуы керек. Оның сапасы күрделі терминдерге толы болуымен емес, іс жүзінде қаншалықты тиімді қолданылуымен өлшенеді. Әрбір азамат өз құқығын түсініп, қажет болған жағдайда оны қалай қорғауға болатынын білуі тиіс.Жаңа кодекс уақыт талабына сай болуы қажет. Қазір цифрлық технологиялардың дамуына байланысты электронды сауда мен онлайн мәмілелер қоғамдық қатынастарда кеңінен қолданылып келеді. Осыған орай, жаңа құқықтық қатынастарды реттейтін нақты әрі жүйелі нормалар қарастырылуы маңызды. Мемлекет пен азамат, кәсіпкер мен тұтынушы арасындағы құқықтық сенім де ескерілуі керек.

(Жалғасы 4-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Зарина МАНАП,
ZL Logistics Qualification Center оқу орталығының басшысы:

«БІЗДІҢ ЗАҢ ӨЗГЕ ЕЛДЕРГЕ ӨТЕ ҚОЛАЙЛЫ»

– Зарина Кенжебекқызы, 2027 жылғы 1 маусымнан бастап Қазақстанның логистика саласында құжаттарды цифрландыру бойынша өте маңызды заңнамалық өзгеріс күшіне енеді. Жол парақтары мен тауар-көлік жүк құжаттарын Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде (ККББЖ) міндетті түрде тіркеу талабын орындауға үлгереміз бе?

– Жалпы жүк тасымалдаушы компания ретінде және осы саланы зерттеуші маман ретінде мен оған сенімдімін. 2027 жылдың ішінде біздің цифрлық платформаларымыз талапқа сай жұмыс жасайтынына үмітім мол. Себебі ол Президентіміздің жолдауында да айтылған. 2019 жылдан бері бекітілген тапсырманың бірі – Логистика саласында цифрлық құжат айналымына толыққанды көшу 2025 жылға дейін жоспарланған еді. Көлік министрлігінің бұйрығымен жол парақтары мен тауар-көлік жүккұжаттарын мемлекеттік жүйеде міндетті түрде тіркеу талабы 2027 жылғы 1 маусымға дейін шегерілді. Қазіргі танда қолданып жатқан платформамыздың толыққанды жұмыс істейтін уақыты келді деп ойлаймын. Себебі, осыған дейін біздің автокөлік саласында бестен астам жаңа цифрлық платформа шықты. Олар өзінің пилоттық режимінде екі-үш жыл жұмыс жасады. Сол сияқты жаңа, шикі платформаларға да уақыт беру керек сияқты.

– Цифрлық платформалардың бәрі бірдей өміршең бола бермейді. Олар да әрдайым үздіксіз жетілдіруді қажет етпей ме?

– Дұрыс айтасыз. Кез келген платформаның тезірек жұмысқа шығуына себепші болатын ең алдымен оның бағдарламашылары. Яғни, оны жасауға мекемелер ғана емес, сонымен қатар тұтынушы халық пен бизнес де қатысуы керек. Ондағы шикіліктерді түсіну үшін алдымен қолданып қөруіміз керек. Сол арқылы тұтынушылар да, бизнес де оның барлық тарапқа тиімді жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Яғни, бәрі мүдделі адамдардың өзіне байланысты. Енді біз оны тағы бір жыл шегерсек, бизнестің басшылыққа бағынуы қиын болады деп ойлаймын. Сол себепті мемекеттік атқарушы органдардың бірінші кезектегі тапсырмалары логистика саласында цифрлық құжат айналымына толыққанды көшу деп ойлаймын.

Мұнда жаңа жүйе ойлап табу қажет емес. Шет елдердегі тәжірибелерді өзімізге тезірек, жақсы жағынан қолданып, өзге елдерден қалып қалмау амалын қарастырып, жаңа инфрақұрылымға ұмтыла берсек, бізде де алдағы уақытта жүк тасымалының жылдамдығы жағынан да, құжат айналымы жағынан да әлемдегі жетекші елдермен теңесетін мүмкіншілік жоғарылай береді. Жаңа технологиялар енгізіліп, жаңа жолдар салынып, цифрлық платформаны барлық қатысушылар бірлесіп жасағанда ғана біз тезірек нәтижеге жетеміз.

– Бұл жерде әркім көрпені өзіне қарай тартпай ма?

– Маған бұған ешкім кінәлі емес сияқты көрінеді. Өйткені жақсы болсын, жаман болсын біз барлығымыз дос болып жұмыс жасауымыз керек. Кез келген сала өзінің қызметіне дұрыс мән беріп және де бір-бірімізге тек жақсы жағынан септігімізді тигізіп жұмыс жасасақ қана жоғары нәтижеге жетеміз. Мұнда ең алдымен логистикалық процестерді оңтайландыруға көп мән бергеніміз дұрыс.

(Жалғасы 5-бетте)

№ 86 (3913)
17 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

БЕЗБЕН

Қоғамның өркениеттілігі тек экономикалық дамуымен немесе технологиялық жетістіктерімен ғана өлшенбейді. Оның басты көрсеткіштерінің бірі – азаматтардың құқықтық мәдениеті, заңға деген құрметі және өз құқықтары мен міндеттерін қаншалықты білетіндігі. Құқықтық сауатты қоғамда әрбір азамат өз құқығын қорғаумен қатар, өзгенің де құқығы мен бостандығына құрметпен қарайды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТТІЛІК БЕЛГІСІ



Құралай АБДРАСИЛОВА,
Алатау қалалық сотының төрағасы

Құқықтық сауаттылық – адамның күнделікті өмірінде заң талаптарын дұрыс түсініп, оларды орынды қолдана білу қабілеті. Бұл ұғым тек заңгерлерге немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне ғана қатысты емес. Ол әрбір азаматтың өмірімен тікелей байланысты. Өйткені еңбек қатынастары, отбасы мәселелері, мүлікке иелік ету, келісімшарт жасау, тұтынушылық құқықтарды қорғау секілді күнделікті жағдайлардың барлығы заң нормаларымен реттеледі.

ҚР Конституциясында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде айқындалған. Бұл қағидат құқықтық мемлекеттің іргетасын қалыптастырады. Ал осы құндылықтарды іс жүзінде қамтамасыз ету үшін азаматтардың заң талаптарын білуі және құқықтық жауапкершілікті сезінуі маңызды.

Өзіңді қорғаудың алғашқы қадамы

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтар кей жағдайда өз құқықтары бұзылғанын дер кезінде аңғармайды немесе оларды қорғаудың заңды жолдарын білмейді. Кейбірі құқықтық мәселелер туындаған кезде эмоцияға беріліп, мәселені заң аясында шешудің орнына, өз бетінше әрекет етуге тырысады. Мұндай жағдайлар даудың ушығуына, уақыт пен қаражаттың артық жұмсалуына әкелуі мүмкін.

Мәселен, еңбек дауларында қызметкер өзінің еңбек шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін білмегендіктен, заңсыз әрекеттерге уақытылы қарсылық білдіре алмауы мүмкін. Сол сияқты азаматтық-құқықтық қатынастарда келісімшарт талаптарын мұқият оқымау, қарыз міндеттемелерін тиісті деңгейде рәсімдемеу немесе ауызша келісімге ғана сену кейіннен сот дауларына себеп болады.

Сондықтан әрбір азамат құқықтық сауаттылығын арттыруды өз өмірінің маңызды бөлігі ретінде қабылдауы қажет. Құқықты білу – тек даулы жағдайда қорғану құралы емес, сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолы.

Заңды құрметтеу – ортақ жауапкершілік

Құқықтық мәдениет тек өз құқығын талап етумен шектелмейді. Оның екінші маңызды қыры – заң алдындағы міндеттерді орындау және өзге адамдардың құқықтарын құрметтеу.

Кез келген қоғамда азаматтардың құқықтары мен бостандықтары өзара тығыз байланысты. Бір адамның әрекеті екінші адамның құқығына нұқсан келтірмеуі тиіс. Мысалы, қоғамдық тәртіпті сақтау, өзгенің ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау, міндеттемелерді уақытылы орындау, заң талаптарын бұзбау – құқықтық мәдениеттің нақты көріністері.

Бүгінде әлеуметтік желілердің кең таралуына байланысты бұл мәселенің маңызы арта түсті. Интернет кеңістігінде жалған ақпарат тарату, өзгенің жеке өміріне қол сұғу, ар-намысына тиетін пікірлер жазу секілді әрекеттер азаматтардың құқықтары мен заң алдындағы жауапкершілігіне тікелей қатысты. Виртуалды кеңістікте жасалған әрекеттер де құқықтық бағалауды қажет етеді. Сондықтан әрбір адам жариялаған ақпараты мен айтқан сөзі үшін жауапкершілік бар екенін ұмытпауы керек.

Әділ сот төрелігі бұзылған құқықтарды қалпына келтіреді

Сот жүйесінің негізгі міндеті – бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау, әділ сот төрелігін жүзеге асыру. Алайда азаматтардың сотқа жүгіну тәртібін білуі, өз талаптарын заң талаптарына сәйкес негіздеуі және сот процесіне жауапкершілікпен қатысуы да маңызды.

Кейде азаматтар сотқа жүгінген кезде өз талаптарының мәнін нақты түсіндірмей, қажетті дәлелдемелерді ұсынбайды немесе заңда белгіленген процессуалдық талаптарды сақтамайды. Мұндай олқылықтар істің қаралу барысына әсер етуі мүмкін.

Сот процесіне қатысушылар өздерінің процессуалдық құқықтары мен міндеттерін білуі, дәлелдемелерді ұсыну, өтінішхат беру, сот актілеріне шағымдану тәртібін түсінуі қажет. Бұл сот процесінің сапалы әрі тиімді өтуіне ықпал етеді.

Сонымен бірге сотқа жүгіну – кез келген дауды шешудің жалғыз жолы емес екенін де ескерген жөн. Заңнамада көзделген жағдайларда медиация, татуласу рәсімдері және өзге де дауларды сотқа дейін немесе сот барысында реттеу тетіктерін пайдалану қоғамдағы келісім мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құқықтық тәрбие отбасынан басталады

Құқықтық сауатты қоғам қалыптастыруда отбасы мен білім беру ұйымдарының рөлі ерекше. Баланың бойына заңға құрмет, әділдік, жауапкершілік және өзгенің құқығын сыйлау қасиеттерін ерте жастан сіңіру қажет.

Мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, құқық бұзушылықтың салдарын көрсету, өмірлік жағдайлар арқылы заң нормаларын үйрету – болашақта құқықтық мәдениеті жоғары азамат қалыптастырудың негізі.

Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллинг, құқық бұзушылық және интернеттегі қауіпсіздік мәселелерінің өзектілігі құқықтық тәрбиенің маңызын одан әрі арттырады. Бұл бағытта ата-аналар, педагогтер және мемлекеттік органдар өзара үйлесімді жұмыс жүргізуі тиіс.

Құқықтық білімді арттыруда бұқаралық ақпарат құралдарының да мүмкіндігі мол. Заңнамалық өзгерістерді қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндіру, сот тәжірибесінен алынған мысалдарды жариялау, азаматтардың жиі кездесетін құқықтық сұрақтарына жауап беру халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді.

Әділетті қоғам құру тек соттың немесе құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – мемлекет пен азаматтарға ортақ жауапкершілік. Әрбір адам өз құқығын біліп, міндетін адал орындап, заң үстемдігін құрметтеген кезде ғана қоғамда әділдік пен өзара сенім нығаяды.

Өйткені құқықтық сауатты азамат – құқықтық мемлекеттің тірегі, ал заңға құрмет – өркениетті қоғамның басты белгісі.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамдағы ең күрделі әлеуметтік мәселелердің бірі. Бұл құбылыс мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне, азаматтардың құқықтары мен қорғалуына және елдің экономикалық дамуына кері әсер етеді. Әсіресе сот жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың орын алуы қоғам үшін аса қауіпті, өйткені сот – әділеттіліктің негізгі кепілі болып саналады. Егер сот жүйесінде әділдік сақталмаса, онда заң үстемдігі әлсіреп, азаматтардың мемлекетке деген сенімі төмендейді.

Сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің басты тіректерінің бірі. Оның негізгі міндеті – азаматтардың құқықтарын қорғау, заңдардың орындалуын қамтамасыз ету және қоғамдағы дауларды әділ шешу. Соттың тәуелсіздігі мен адалдығы қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттіліктің кепілі болып табылады. Сондықтан сот қызметкерлері мен судьялардың жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы және заң талаптарын қатаң сақтау маңызды. Алайда кейбір жағдайларда сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық көріністері кездесуі мүмкін. Бұл көбінесе пара беру, қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану немесе жеке мүдделерді қорғау арқылы байқалады. Мұндай жағдайлар сот шешімдерінің әділдігіне күмән туғызады. Егер азаматтар сот арқылы өз құқықтарын қорғай алмайды деп ойласа, онда олар заңға деген сенімін жоғалтады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық тәртіптің әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Сот жүйесіндегі жемқорлықтың негізгі себептерінің бірі – бақылау мен ашықтықтың жеткіліксіздігі. Сонымен қатар кейбір адамдардың құқықтық мәдениетінің төмендігі де бұл мәселеге әсер етеді. Кейбір азаматтар өз мәселесін заңды жолмен шешудің орнына, пара беру арқылы жылдам нәтижеге жетуге тырысады. Мұндай әрекеттер қоғамдағы әділетсіздікті күшейтеді. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Соңғы жылдары сот жүйесін жетілдіру және оның ашықтығын арттыру мақсатында көптеген реформалар жүргізілуде. Сот процестерін цифрландыру, электрондық сот жүйесін енгізу, сот отырыстарының ашықтығын қамтамасыз ету сияқты шаралар осы бағыттағы маңызды қадамдар болып саналады. Мұндай жаңашылдықтар адам факторын азайтып, сот жүйесіндегі жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру және олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету де үлкен рөл атқарады. Судьялар тек заңға бағынып, ешқандай қысымсыз шешім қабылдауы тиіс. Егер судьялар әділ әрі тәуелсіз жұмыс істесе, қоғамда заң үстемдігі нығайып, азаматтардың мемлекетке деген сенімі артады.



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның талаптарын бұзған сот жүйесіндегі судьялар мен сот қызметкерлері заңда көрсетілгендей жауапкершіліктерге тартылуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте қоғамның да рөлі ерекше. Әрбір азамат заңды құрметтеп, пара беруден бас тартуы қажет. Қоғамдық бақылау, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі және азаматтардың құқықтық сауаттылығының артуы жемқорлықтың алдын алуға көмектеседі. Сондай-ақ, жастар арасында адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру маңызды.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресу үшін тек заңнаманы күшейту жеткіліксіз. Сонымен қатар қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру, сот жүйесінің ашықтығын арттыру және әр азаматтың жауапкершілігін күшейту қажет. Сонда ғана әділетті әрі сенімді сот жүйесін қалыптастырып, қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізуге болады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, алдын алу және болдырмау мақсатында Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында тұрақты түрде іс-шаралар өткізілуде, атап айтқанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның талаптарын қатаң сақтап, сот қызметкерлері тарапынан іске қатысушыларға құқықтық насихат-түсіндіру жұмыстары, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарды болдырмау бағытындағы семинарлар жүзеге асырылуда.

Айғаным ИСКАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің орынбасары

ӨЗЕК

ҰЛТТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Тіл – ұлттың жаны, халықтың рухани болмысы, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи жады мен мәдени мұрасының айнасы. Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігін, дүниетанымын, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын танытатын ең басты белгісі – оның ана тілі.

Тіл арқылы халықтың өткені бүгінге жетіп, бүгінгі ұрпақтың ой-санасы мен таным-түсінігі келешекке жалғасады. Сондықтан тіл мәселесі – тек қарым-қатынас құралына қатысты мәселе емес, ол елдің тұтастығы, ұлттық бірегейлігі, тәуелсіздігі мен болашағының мәселесі.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілдің мәртебесі елдің егемендігімен, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуымен және қоғамдық дамумен тығыз байланысты. Тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оның қоғам өміріндегі орны мен қызметін айқындап қана қоймай, оны дамыту мен қолдану үшін мемлекетке ерекше жауапкершілік жүктейді.

Мемлекеттік тіл – ел азаматтарын ортақ құндылықтар төңірегіне топтастыратын, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтатын маңызды фактор. Ол мемлекеттік басқару, білім беру, ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, экономика және қоғамдық қатынастар салаларында кеңінен қолданылуы тиіс. Мемлекеттік тілдің осындай ауқымды қызметі оның қоғамдағы маңызын айқындай түседі.

ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Бұл – қазақ тілінің елдегі саяси-құқықтық және қоғамдық мәртебесінің айқын көрінісі. Сонымен қатар, мемлекет Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамытуға жағдай жасау қағидатын ұстанады. Демек, мемлекеттік тілді дамыту мен өзге тілдерге құрмет көрсету – бір-біріне қайшы келмейтін, керісінше, қоғамдық келісімді нығайтатын маңызды ұстанымдар.

Қазақ тілінің байлығы мен көркемдігі оның ғасырлар бойы қалыптасқан әдеби мұрасынан айқын байқалады. Халық ауыз әдебиеті, жыр-дастандар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен билердің нақылдары – ұлтымыздың рухани байлығының қайнар көзі. Әрбір сөздің астарында терең мағына, өмірлік тәжірибе, тәлім-тәрбие мен ұлттық таным жатыр.

Абай Құнанбайұлының шығармалары қазақ тілінің ой тереңдігі мен көркемдік қуатын танытса, Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық және тіл білімі саласындағы еңбектері ұлттық тілдің ғылыми негізін қалыптастыруға зор үлес қосты. Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов және басқа да қаламгерлер қазақ әдеби тілінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Мемлекеттік тілдің тағы бір маңызды қызметі – қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайту. Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Осындай қоғамда ортақ мемлекеттік тілдің болуы азаматтардың өзара түсіністігін арттырып, ортақ азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орны мемлекеттік басқару саласында да ерекше маңызды. Мемлекеттік органдардың қызметі, ресми құжат айналымы, халықпен байланыс және азаматтардың өтініштерін қарау барысында қазақ тілінің кеңінен қолданылуы оның нақты қоғамдық қызметін күшейтеді.

Мемлекеттік тіл – билік пен халық арасындағы байланысты қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі. Азаматтардың мемлекеттік органдарға өз ана тілінде өтініш білдіруі, ақпарат алуы және өз құқықтарын түсінуі мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығына ықпал етеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін жетік меңгеруі мен сауатты қолдануы маңызды. Өйткені мемлекеттік қызметшілердің күнделікті жұмысы ресми құжаттарды әзірлеу, азаматтармен қарым-қатынас жасау, ақпарат беру және қоғамдық мәселелерді шешумен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік тілде сауатты әрі нақты сөйлей білу – кәсіби мәдениеттің маңызды көрсеткіші.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі рөлі де айрықша. Сот төрелігінің халыққа түсінікті болуы, азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін еркін білдіруі, сот құжаттарының сапалы әзірленуі тілдік сауаттылықпен тікелей байланысты. Сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамыту – құқықтық мемлекеттің маңызды талаптарының бірі.

Мемлекеттік тілдің дамуы білім беру саласымен де тығыз байланысты. Себебі тілдің болашағы ең алдымен жас ұрпақтың оны қаншалықты меңгеруіне және күнделікті өмірде пайдалануына тәуелді. Бала ана тілінде білім алып, сол тілде ойлап, сөйлеп, шығармашылықпен айналысқан кезде оның тілдік қабілетімен қатар ұлттық дүниетанымы да қалыптасады.

Тілдің қадірін білу – өткенді құрметтеу ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілікті сезіну. Себебі бүгінгі ұрпақтың тілге деген көзқарасы ертеңгі қоғамның рухани келбетін қалыптастырады. Біз ана тілімізді құрметтеу арқылы өз тарихымызды, мәдениетімізді және ұлттық құндылықтарымызды құрметтейміз.

Ақкөркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласы №2 соты сот әкімшісінің орынбасары

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҒЫЛЫМҒА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫНЫ ҚАДАҒАЛАУ ТЕТІГІ ӘЛСІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайыловтың жасаған баяндамасында келтірілген мәліметтерге қарғанда, аудит ғылыми жобаларды іріктеуден бастап, оларды іске асыру мен қорытынды бағалауға дейінгі үдерістерде елеулі олқылықтар анықтаған. Соның бірі ғылым субъектілерін аккредиттеуге қатысты. Бұл шара бірыңғай жүйесіз жүргізіліп, салдарынан 212 заңды тұлға зерттеулерді жүргізуге қажетті технологиялық қабілеті толық айқындалмастан аккредитациядан өткізілген. Бұған қоса, 2025 жылғы конкурстар 208 күнге дейін кешіктіріліп жарияланған. Сараптама материалдары ұлттық ғылыми кеңестерге 93 жұмыс күніне дейін кешіктіріліп ұсынылған. Мұндай кідірістер зерттеулердің басталуына және ғылыми ұжымдардың жұмыс жоспарына кері әсерін тигізген.

Экономикалық сараптама да бюджеттік сүзгі қызметін тиісті деңгейде атқармаған. Ұлттық ғылыми кеңестер 545 жоба бойынша қаржыландыруды 12 млрд теңгеге азайту жөніндегі ұсыныстарды ескермеген. Ең алаңдатарлығы – мүдделер қақтығысының тәуекелі. Ұлттық ғылыми кеңестердің 225 мүшесінің 84-і жалпы құны 52 млрд теңгені құрайтын 127 жобаның зерттеу топтарына кірген. Ал 27 мүшесі сол жобалардың ғылыми жетекшілері болған. Бұл жағдай ғылыми жобаларды іріктеу мен қаржыландыру кезінде тәуелсіз сараптама және ашықтық қағидаттарын күшейтудің маңызын көрсетеді.

Аудиттің тағы бір маңызды қорытындысы – ғылыми жобаларды қаржыландыруда түпкілікті нәтижеге қол жеткізу тетіктерінің әлсіздігі. Әлихан Смайыловтың айтуынша, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 79 жобаға іске асыру шығыстары егжей-тегжейлі нақтыланбастан 62 млрд теңге бөлінген. Яғни, мемлекет ірі ғылыми жобаларды қаржыландыру кезінде қаражаттың нақты қандай шығындарға жұмсалатыны толық айқындалмаған.

Жобалардың қорытынды бағалауынан кейін ғана төленетін қаржының үлесі соңғы жылға бөлінген қаражаттың 10 пайызын немесе жобаның жалпы құнының 2,4 пайызын ғана құрайды. Демек, есеп қабылданбаған жағдайда да қаржының басым бөлігі орындаушылардың қолында қалады. Соның салдарынан мемлекеттік қаржының тиімді жұмсалуына ықпал ететін жауапкершілік тетіктері әлсіз болып отыр. Атап айтқанда, жалпы құны 16 млрд теңгені құрайтын 176 жоба бойынша түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қамтамасыз етілмеген.

Сонымен қатар 2025 жылы екі мыңнан астам ғылыми және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру жобасы мониторингпен қамтылып, 3 млрд теңгеден астам сомаға бұзушылықтар анықталған. Алайда ұлттық ғылыми кеңестер анықталған кемшіліктерді жою жөнінде міндетті шешімдер қабылдамай, ақпаратты назарға алумен шектелген. Бұл деректер ғылымды қаржыландыруда қаражатты игеру көрсеткішінен гөрі нақты ғылыми және экономикалық нәтижеге басымдық беру қажеттігін аңғартады.

Аудит қорытындыларын талқылау барысында Құрылтайдың Цифрландыру, инновация және ғылым комитетінің төрағасы Д. Ахмедиев ортаға салған ғылымды қаржыландыру жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар назар аудартты. Депутаттың айтуынша Қазақстанда елеулі ғылыми әлеует қалыптасқан, ғылыми қызметпен 425 ұйым айналысады. Оларда шамамен 27 мың адам, соның ішінде 23 мыңға жуық зерттеуші ғалым жұмыс істейді. Соңғы жылдары мемлекет ғылымды қаржыландыруды ұлғайту, ғылыми зерттеулерді қолдау тетіктерін жетілдіру бағытында жүйелі шаралар қабылдап келеді. Ендігі міндет – жекелеген зерттеулерді қаржыландырудан жаңа білім мен технологияларды жасау және енгізудің толық тізбегін қалыптастыруға көшу. Бұл тізбек ғылыми идеядан басталып, нақты өнімге және оның өндірісте қолданылуына дейін жалғасуы тиіс.

> *Ғылыми конкурстар мен сараптаманың кешігуі зерттеулердің нақты мерзімін қысқартып, ғылыми ұжымдардың жұмысын қиындатады. Сондықтан конкурстарды жариялау, шешім қабылдау, келісімшарт жасасу және қаржы аудару мерзімдерін қамтитын бірыңғай күнтізбелік тәртіп енгізу ұсынылды. Өйткені, ғалымдар қай кезде конкурс жарияланатынын, шешімнің қашан қабылданатынын және қаражаттың қашан түсетінін алдын ала білуі керек. Сонымен қатар қайталанатын есептілікті қысқартып, мемлекеттік органдарда бар деректерді қайта сұратуға жол бермеу қажет.*

Ахмедиев мырза ғылымды дамытудағы негізгі басымдықтардың бірі ретінде ғылыми зерттеулердің ел экономикасының нақты қажеттіліктерімен байланысын күшейтуді атады. Депутат бұл бағыттағы жұмыстың өзектілігін статистикалық деректермен де негіздеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылы инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 11,9 пайызды құраған. Шамамен 31,5 мың кәсіпорынның 3 761-і ғана инновациялық қызметпен айналысқан. Бұл – ғылым мен бизнестің өзара ықпалдастығын арттыруға әлі де үлкен мүмкіндік бар деген сөз.

Комитет төрағасы көтерген тағы бір маңызды мәселе – ғылыми зерттеулердің тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер мен өндірістік енгізу кезеңіне дейін толық жеткізілмеуі. Аудит мәліметтері бойынша тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге жұмсалатын шығындардың үлесі 2022 жылғы 12,8 пайыздан 2025 жылы 4,7 пайызға дейін төмендеген. Бұл көрсеткішке ерекше назар аудару қажет. Өйткені дәл осы кезеңде ғылыми идеяның жұмыс істейтін технологияға айналу мүмкіндігі тексеріледі. Осыған байланысты Үкіметке іргелі зерттеулерді, қолданбалы ғылымды және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді қаржыландыру арасындағы теңгерімді бағалап, сынақтан өткізу мен өндіріске енгізуге дейінгі кезеңді қолдау шараларын айқындау ұсынылды.

Сонымен қатар талқылау барысында ғылыми жобаларды қаржыландыру аяқталғаннан кейін де олардың нәтижесін бақылаудың маңыздылығы да мәлімделді. Бұл тұрғыда жасалған технология өндірісте қолданылып жатыр ма, тәжірибелік үлгі жұмыс істей ме, инвестиция тартылды ма, нақты экономикалық тиімділік бар ма? Міне, осының бәрі кейінгі мониторингте көрініс табуы тиіс. Мұнда ғылыми қызметтің әр түріне ортақ бір ғана бағалау өлшемін қолдану дұрыс емес.

Ұсынылған бағыттар ғылыми жобаларды қаржыландыру рәсімдерін жеделдету, әкімшілік жүктемені азайту және бүкіл үдерісті цифрландыруға қатысты болды. Ғылыми конкурстар мен сараптаманың кешігуі зерттеулердің нақты мерзімін қысқартып, ғылыми ұжымдардың жұмысын қиындатады. Сондықтан конкурстарды жариялау, шешім қабылдау, келісімшарт жасасу және қаржы аудару мерзімдерін қамтитын бірыңғай күнтізбелік тәртіп енгізу ұсынылды. Өйткені, ғалымдар қай кезде конкурс жарияланатынын, шешімнің қашан қабылданатынын және қаражаттың қашан түсетінін алдын ала білуі керек. Сонымен қатар қайталанатын есептілікті қысқартып, мемлекеттік органдарда бар деректерді қайта сұратуға жол бермеу қажет.

Ғылыми жобалардың бүкіл өмірлік циклін цифрландыру да маңызды міндеттердің бірі ретінде аталды. Қазір Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қазақстан ғылымы» ақпараттық жүйесін құру бағытында жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл жүйе өтінім беруден бастап сараптама, келісімшарт жасау, қаржыландыру және жобадан кейінгі мониторингке дейінгі барлық кезеңді қамтуы тиіс. Әрбір жобаның бірыңғай цифрлық тарихы қалыптасып, сараптамалық қорытындылар, қабылданған шешімдер, қаражат қозғалысы, мерзімдердің өзгеруі мен алынған нәтижелер ашық көрінуі қажет. Мұндай тәсіл зерттеулердің қайталануын анықтауға, мерзімдердің сақталуын бақылауға және мүдделер қақтығысының тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы, Ғылым және жоғары білім министрлігі аудит ұсынымдарын орындау, сараптаманы жетілдіру және жекелеген рәсімдерді цифрландыру бойынша бірқатар шара қабылдаған. Атап айтқанда, ғылыми жобаларды іріктеу, қаржыландыру және мониторингтеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған заңнамалық өзгерістер енгізілген. Жобалардың экономикалық негізділігі мен практикалық нәтижелілігіне қойылатын талаптар белгіленіп, ұлттық ғылыми кеңес мүшелерінің жауапкершілігі арттырылған. Дегенмен бұл жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажет.

Тоқетерін айтқанда, ғылымды қаржыландыру көлемін ұлғайту – маңызды, бірақ ол өздігінен жеткіліксіз. Мемлекеттік инвестицияның қайтарымы ғылыми жаңалықтардан, отандық технологиялардан, өндірістегі жаңашылдықтардан және экономикалық тиімділіктен көрінуі керек. Сондықтан ғылымға бөлінген әрбір теңге нақты нәтижеге жұмыс істеуі тиіс.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ҚОРЛАУ: СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ҚАЙ ЖЕРДЕ АЯҚТАЛАДЫ?

Әлеуметтік желіде жазылған бір ауыз сөз адамның беделіне қаншалықты әсер етуі мүмкін? Біреудің әрекетін сынау, пікіріне қарсылық білдіру немесе қоғамдағы кемшілікті ашық айту – сөз бостандығының көрінісі. Алайда сол пікір адамның жеке басын кемсітуге, ар-намысын қорлауға немесе дәлелсіз айып тағуға ұласса ше? Бүгінде интернет кеңістігінде бұл екі ұғымның ара-жігін ажырату өзекті мәселеге айналды.

Әлеуметтік желілер қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды алаңға айналды. Мұнда азаматтар мемлекеттік органдардың жұмысын талқылайды, кәсіпкерлердің қызметіне баға береді, қоғамдағы түрлі мәселеге көзқарасын білдіреді. Мұның бәрі ашық қоғам үшін қажет. Дегенмен еркін пікір алмасу кей жағдайда жеке адамды кемсітуге, оның абыройына нұқсан келтіретін мәліметтер таратуға ұласуы мүмкін. Мәселен, белгілі бір азаматтың әрекеті қоғам талқысына түсті делік. Оның шешімін сынағандармен қатар жеке басына тиісіп, әдепсіз сөздер жазатындар да табылуы ықтимал. Ал кейбір қолданушылар мәселенің анық-қанығына жетпестен, өзге адамның заңсыз әрекет жасағанын нақты дерек ретінде жариялауы мүмкін. Осындай жағдайда қай пікір заңмен қорғалады, ал қандай әрекет үшін жауапкершілік туындайды?

Қазақстанның 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Конституциясы 1 шілдеден бастап күшіне енді. Жаңа Конституцияның 23-бабында сөз еркіндігіне кепілдік берілген. Азаматтардың заңмен тыйым салынбаған тәсілдер арқылы ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Алайда осы баптың төртінші тармағында сөз еркіндігі мен ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс екені көрсетілген. Сонымен қатар Конституцияның 20-бабына сәйкес адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады. Конституция бір жағынан азаматтың өз ойын еркін білдіруіне кепілдік берсе, екінші жағынан өзге адамның қадір-қасиетін қорғауды көздейді. Бұл құқықтардың бірін екіншісінен жоғары қою дұрыс емес. Өйткені кез келген азамат сын айтуға да, заңсыз қол сұғушылықтан қорғануға да құқылы.

Құқықтық тұрғыдан сын, қорлау және жала жабу бірдей ұғымдар емес. Олардың әрқайсысының өзіндік белгілері бар. Мысалы, тұтынушының белгілі бір дүкен қызметіне көңілі толмай, әлеуметтік желіде өз тәжірибесін баяндауы сын немесе бағалау пікірі болуы мүмкін. Ал сол дүкен иесін ешқандай негізсіз заңсыз әрекет жасады деп айыптау нақты факті туралы мәлімдеме ретінде қарастырылуы ықтимал. Бұл – құқықтық айырмашылықты түсіндіруге арналған шартты мысал. Қылмыстық кодекстің 131-бабында қорлау үшін жауаптылық көзделген. Аталған бапта қорлау басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту ретінде сипатталады. Осы баптың екінші бөлігіне сәйкес, мұндай әрекет көпшілік алдында немесе масс-медиа, телекоммуникация желілері не онлайн-платформалар арқылы жасалса, 200 АЕК дейін айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 180 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қарастырылған. Ал жала жабу үшін жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-3-бабында белгіленген. Заң бойынша жала жабу – басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату. Егер мұндай әрекет көпшілік алдында, масс-медиа немесе телекоммуникация желілері арқылы жасалса, жеке тұлғаға 180 АЕК мөлшерінде айыппұл салу немесе 20 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу көзделген. Алайда әлеуметтік желідегі әрбір жағымсыз пікірді қорлау немесе жала жабу деп тануға болмайды. Ол үшін заңда көзделген құқық бұзушылық белгілері анықталуы қажет. Атап айтқанда, қорлау мәселесінде адамның қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту сипаты, ал жала жабу жағдайында таратылған мәліметтің көрінеу жалған болуы маңызды. 2026 жылғы 20 мамырда ҚР Жоғарғы Сотының «Соттардың ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» №3 нормативтік қаулысы қабылданды. Жоғарғы Соттың түсіндірмесіне сәйкес, мұндай дауларды қарау кезінде соттар азаматтың беделін қорғаумен қатар, өзге тұлғаның заңды түрде пікір білдіру құқығын да ескеруге тиіс. Мұнда нақты факті туралы мәлімет пен адамның субъективті бағасын ажырату ерекше маңызды. Себебі белгілі бір оқиға жөніндегі жеке көзқарас пен шындыққа сәйкестігі тексерілетін мәлімдеменің құқықтық сипаты әртүрлі.



ЖАСЫРЫН АККАУНТ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚҰТҚАРА МА?

Әлеуметтік желілерде қолданушылар өздерінің шынайы есімін көрсетпей, бүркеншік атпен пікір жаза алады. Алайда мұндай мүмкіндік өзгенің ар-намысын қорлауға құқық бермейді. Заң алдындағы жауапкершілік адамның әлеуметтік желіде қандай атпен тіркелгеніне ғана байланысты емес. Негізгі мәселе – оның әрекетінде құқық бұзушылық белгілерінің болуы және сол әрекетті нақты кім жасағанын дәлелдеу. Сонымен қатар Азаматтық кодекстің 143-бабында мәлімет таратушыны анықтау мүмкін болмаған жағдай да қарастырылған. Мұндай жағдайда өзі туралы абыройына нұқсан келтіретін мәліметтер таралған адам оларды шындыққа сай келмейді деп тану туралы сотқа жүгіне алады. Дегенмен жасырын аккаунттың иесін анықтау мен оны жауапкершілікке тарту – құқықтық тұрғыдан бөлек мәселелер. Авторды анықтау мүмкін болмаған кезде нақты адамға жаза қолдану туралы айтуға негіз жоқ.

ЖӘБІРЛЕНУШІ ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙ АЛАДЫ?

Интернетте өзі туралы шындыққа жанаспайтын, беделіне нұқсан келтіретін ақпарат жарияланған азамат заңда белгіленген тәртіппен өз құқығын қорғауға жүгіне алады. Азаматтық кодекстің 143-бабына сәйкес, азамат ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы. Сондай-ақ тиісті құқықтық негіздер болған жағдайда келтірілген залал мен моральдық зиянды өтеу мәселесін көтере алады. Алайда сотқа жүгіну үшін даулы ақпараттың таралғанын дәлелдеу маңызды. Сондықтан мұндай жағдайға тап болған азамат жарияланымның сілтемесін, жазылған уақытын, аккаунт туралы мәліметтерді және пікірдің мазмұнын сақтап қойғаны жөн. Жоғарғы Соттың 2026 жылғы №3 нормативтік қаулысында интернеттегі жазбаларды немесе пікірлерді дәлелдеме ретінде тіркеу мақсатында нотариусқа жүгіну мүмкіндігі де көрсетілген. Сонымен бірге азаматтық сот ісі мен қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылық мәселелерінің ара-жігін ажырату қажет. Ар-намысты қорғау туралы азаматтық талап қою адамның міндетті түрде қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын білдірмейді.

ЗАҢ ҚОРҒАЙДЫ, АЛ МӘДЕНИЕТ ШЕ?

Әлеуметтік желідегі қарым-қатынас тек құқықтық мәселе емес. Ол қоғамның бір-бірімен пікір алмасу мәдениетін де көрсетеді.

Интернет қолданушыға өз ойын көпшілікке жеткізуге мүмкіндік береді. Бірақ жарияланған сөздің салдары экранның арғы жағында қалмайды. Бір пікір адамның кәсіби беделіне әсер етуі, жеке өміріне араласуға себеп болуы немесе өзге қолданушылардың оған қатысты көзқарасын қалыптастыруы мүмкін. Әсіресе белгілі бір оқиға қызу талқыланған кезде ақпараттың рас-өтірігін тексеру маңызды. Өйткені әлеуметтік желідегі жазбаның көп таралуы оның шынайылығын дәлелдемейді. Сол сияқты көпшілік қолдаған пікірдің өзі міндетті түрде заңды немесе негізді деген сөз емес. Бұл ретте азаматтардың құқықтық сауаттылығы ерекше мәнге ие. Кез келген адам өз пікірін еркін білдірумен қатар, оның мазмұны үшін жауапкершілік туындауы мүмкін екенін түсінуі керек.

Сөз бостандығын қорғау қоғамдағы сын мен пікір алуандығын сақтау үшін маңызды. Егер кез келген өткір пікір құқық бұзушылық ретінде қабылданса, азаматтардың қоғамдық мәселелерді ашық талқылау мүмкіндігі шектелуі ықтимал. Ал өзгенің ар-намысына нұқсан келтіретін әрекеттер жауапсыз қалса, адамның қадір-қасиетін қорғау құқығы әлсірейді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ

№ 86 (3913)
17 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

ТАЛҚЫ

ЖАҢА АЗАМАТТЫҚ КОДЕКС
ЗАМАНҒА ЕМЕС, АДАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң бір жағынан экономикалық дамуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауы тиіс. Ең бастысы, жаңғырту барысында әділдік, теңдік және меншік құқығын қорғау қағидаттары сақталуы қажет. Жаңа кодексті әзірлеу ғылыми сараптамаға, тәжірибелік зерттеулерге және кәсіби қауымдастықтың пікіріне негізделсе, ол ұзақ жылдар бойы тиімді қызмет ететін маңызды құқықтық құжат бола алады деп ойлаймын.

Жаңа Азаматтық кодекстен күтілетін жаңалықтарды бірнеше бағыт бойынша жүйелеуге болады. Біріншісі – цифрлық азаматтық құқықтарды дамыту. Электрондық мәмілелерді жасау, цифрлық активтерге меншік құқығын тану, цифрлық платформалардағы қатынастарды реттеу және жасанды интеллектіні пайдалану нәтижесінде келтірілген зиян үшін жауапкершілікті белгілеу маңызды болмақ. Екіншісі – адалдық пен әділеттілік қағидаттарын күшейту. Азаматтық қатынасқа қатысушылар өз құқықтарын жүзеге асыру кезінде адал әрі әділ әрекет етуі тиіс. Құқықты теріс пайдалану, шарттық міндеттемелерді орындаудан негізсіз жалтару сияқты жағдайлардың алдын алу тетіктерін жетілдіру қажет. Үшіншісі – кәсіпкерлік пен инвестицияға берілетін құқықтық кепілдіктерді арттыру. Жаңа кодекс кәсіпкерлік бастамаларды қолдап, адал бәсекелестік пен тараптардың теңдігін қамтамасыз етуі керек. Бұл экономикалық белсенділіктің дамуына да оң ықпал етеді. Төртіншісі – сот тәжірибесін ескеру. Заңнаманы әзірлеу кезінде сот тәжірибесін терең талдап, іс жүзінде кездесетін мәселелерге назар аудару маңызды. Жалпы, жаңа Азаматтық кодекс қоғамның бүгінгі қажеттіліктерін ғана емес, болашақтағы өзгерістерді де ескеріп, азаматтардың құқықтарын сенімді қорғайтын тұрақты құқықтық негіз болуы тиіс.



Уәлихан АХАТОВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті Заң факультетінің деканы

Жаңа конституциялық құндылықтар азаматтық құқықтың нақты ережесіне айналғаны жөн

Азаматтық кодексті жаңғырту – бүгінгі күннің ғана емес, еліміздің алдағы ұзақ мерзімді дамуы үшін туындап отырған стратегиялық қажеттілік.

Біріншіден, елімізде жаңа Конституция қабылданды. Онда Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені бекітіліп, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде айқындалды. Бұл – азаматтық заңнаманың да мазмұны мен бағытын қайта қарауды талап ететін маңызды Конституциялық негіз. Өйткені Конституцияда жарияланған адам құқықтарының басымдығы, заң үстемдігі, меншік құқығын қорғау және құқықтық кепілдіктер азаматтық-құқықтық қатынастарда нақты көрініс табуы тиіс.

Екіншіден, қазіргі экономикалық және қоғамдық қатынастар айтарлықтай өзгерді. Цифрлық экономика, электрондық сауда, жасанды интеллект, цифрлық активтер, онлайн платформалар, жаңа қаржылық құралдар азаматтық құқықтың алдына бұрын болмаған міндеттерді қойып отыр.

Үшіншіден, қолданыстағы Азаматтық кодекске жылдар бойы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сондықтан оның нормаларын жүйелеп, бір-бірімен үйлесімділігін қамтамасыз ету, құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарды азайту қажеттілігі бар.

Төртіншіден, жаңа Конституцияның талаптарына сәйкес азаматтардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыруымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда, Азаматтық кодексті жаңғырту дегеніміз – тек заң баптарын өзгерту ғана емес, жаңа Конституциялық құндылықтарды азаматтық айналымның нақты ережелеріне айналдыру.

Менің пайымдауымша, жаңа Азаматтық кодекс ең алдымен жаңа Конституцияның рухына, мазмұнына және негізгі қағидаттарына сәйкес келуі керек. Оның негізінде бірнеше маңызды бағыт болуы қажет.

Бірінші – адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы. Жаңа Конституция адамды ең жоғары құндылық деп жариялады. Демек, Азаматтық кодексте адамның жеке құқықтарын, ар-намысын, қадір-қасиетін, жеке өміріне қол сұғылмауын, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қорғауға бағытталуы тиіс.

Екінші – меншік құқығының нақты әрі тең қорғалуы. Жаңа Конституция меншік құқығының кепілдіктерін бекітеді. Осыған сәйкес жаңа кодексте жеке және мемлекеттік меншіктің қорғалу тетіктері, адал сатып алушылардың құқықтары, меншік иесінің мүдделері және мүлікке заңсыз қол сұғудан қорғау мәселелері нақты реттелуі қажет.

Үшінші – заң үстемдігі және құқықтық айқындық. Жаңа Конституцияда заң мен тәртіп қағидаты айқын көрініс тапты. Азаматтық кодекстің нормалары да түсінікті, бірізді және болжамды болуы керек. Азамат немесе кәсіпкер қандай жағдайда қандай құқыққа ие екенін және қандай міндет атқаратынын нақты білуі тиіс.

Төртінші – шарт еркіндігі және азаматтық айналым қатысушыларының дербестігі. Азаматтар мен кәсіпкерлер өзара келісім негізінде шарт жасасып, оның талаптарын заң шеңберінде өздері айқындай алуы керек. Мемлекеттің жеке-құқықтық қатынастарға негізсіз араласуын шектеу де маңызды.

Бесінші – цифрлық дәуірдің талаптарына сәйкестік. Жаңа Конституция цифрлық құқықтарды, дербес деректерді қорғауды және цифрлық қауіпсіздікті конституциялық деңгейде бекітті. Енді Азаматтық кодекс осы кепілдіктерді дамытуы керек. Мәселен, электрондық мәмілелер, цифрлық мүлік, жасанды интеллектті пайдалану нәтижесінде туындайтын зиян үшін жауапкершілік, электрондық платформалардағы шарттық қатынастар заңнамалық тұрғыдан нақты реттелуі қажет.

Алтыншы – әділдік пен адалдық қағидаттарын күшейту. Азаматтық құқықта тараптардың адалдығы, құқықты теріс пайдалануға жол бермеу, әлсіз тараптың мүддесін қорғау және келтірілген зиянды толық өтеу мәселелері жүйелі шешімін табуы тиіс.

Меніңше, жаңа кодекс тым күрделі, тек кәсіби заңгерлерге ғана түсінікті құжат болмауы керек. Ол қарапайым азаматқа да түсінікті, қолдануға ыңғайлы және құқықтарын қорғауға мүмкіндік беретін заң болуы қажет. Жаңа Конституцияның ережелерін ескере отырып, Азаматтық кодекстен бірнеше маңызды жаңалық күтуге болады.

1) Цифрлық құқықтарды азаматтық-құқықтық қорғау. Цифрлық активтерге қатысты құқықтар, электрондық мәмілелер, дербес деректерді заңсыз пайдалану, цифрлық ортада келтірілген зиянды өтеу мәселелері нақты реттелуі керек. Мысалы, азаматтың жеке деректері заңсыз пайдаланылса немесе цифрлық платформа арқылы оның мүліктік құқығы бұзылса, қандай құқықтық тетіктер арқылы қорғана алатыны айқын болуы қажет.

2) Меншік иелері мен адал сатып алушылардың құқықтарын қорғауды күшейту. Мүлікті заңсыз иелену, меншік құқығын тану, мәмілелердің жарамдылығы және мүлікті қайтару мәселелерінде құқықтық кепілдіктерді жетілдіру маңызды.

3) Жасанды интеллект пен жаңа технологияларға байланысты жауапкершілікті реттеу. Жасанды интеллекттің көмегімен жасалған әрекеттер салдарынан азаматқа немесе кәсіпкерге зиян келсе, жауапкершілікті анықтау тәртібі қажет. Бұл бағытта технологияны әзірлеушілердің, пайдаланушылардың және қызмет көрсетушілердің құқықтары мен міндеттері нақты ажыратылуы тиіс.

4) Кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқықтық кепілдіктерін арттыру. Шарттық міндеттемелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, корпоративтік қатынастарды жетілдіру, кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіретін артық құқықтық шектеулерді азайту қажет.

5) Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті жетілдіру. Келтірілген материалдық және моральдық зиянды өтеу, шарттық міндеттемелерді орындамау, құқықты теріс пайдалану мәселелерін қазіргі заман талаптарына сәйкестендіру керек.

6) Конституциялық кепілдіктерді азаматтық құқықта нақты іске асыру. Жаңа Конституцияда мемлекеттің заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды өтеу міндеті, зияткерлік меншік құқығын қорғау және цифрлық құқықтардың кепілдіктері бекітілген. Осы нормалардың азаматтық заңнамадағы жүзеге асу тетіктерін нақтылау қажет. Жаңалықтардың барлығы азаматтардың құқықтық қорғалуын күшейтіп, экономикалық қатынастардағы сенімді арттыруға бағытталуы тиіс.



Құнанбай МҰСАЕВ,
заңгер, Түркістан облысы Мақтаарал
аудандық сотының бұрынғы судьясы:

Заңнама адамдарға пайда әкелуі қажет

Әлем дамып жатыр, бізде даму үшін заңдарымыз, оның ішінде Азаматтық кодексіміз заманға лайық болуы тиіс. Өмірдің заңы бар, ол – Құран. Жаңа Азаматтық кодекс Құранға сай болуы тиіс, яғни адамдарға пайда әкелуі қажет. Ой-парасаты жоғары, кәсіпкер азаматтарымызға осы қасиеттерін барынша пайдаланып, қоғамға пайда әкелу жолдарын ашады деп күтеміз.



Нұргүл САУЛЕН,
Қостанай облысы
Жангелдин аудандық сотының судьясы:

Заң – тәжірибеден туған даналық

Қазақстанның Азаматтық кодексі нарықтық экономикаға көшу кезеңінде қалыптасты. Сол уақыттың тарихи, экономикалық және қоғамдық ерекшеліктері оның мазмұнына әсер етті. Содан бері елімізде үлкен өзгерістер болды. Жеке меншік институты дамыды, кәсіпкерлік кеңейді, цифрлық экономика қалыптасты, электрондық мәмілелер мен қашықтан көрсетілетін қызметтер күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Жасанды интеллект, цифрлық активтер, деректерді пайдалану, платформалық экономика секілді жаңа құбылыстар азаматтық-құқықтық реттеудің алдына тың міндеттер қойып отыр. Сондықтан қолданыстағы заңнаманы қайта зерделеу, ескірген нормаларды жетілдіру және жаңа қоғамдық қатынастарға құқықтық жауап іздеу – объективті қажеттілік.

Алайда заңды жаңарту дегеніміз – бұрынғының бәрін жоққа шығару емес. Құқықтық жүйенің тұрақтылығы да өз алдына құндылық. Осы жерде екі маңызды ұстанымның арақатынасы туындайды: қолданыстағы кодексті жүйелі түрде жетілдіру және азаматтық заңнаманы тұтастай қайта кодификациялау. Қай жол таңдалса да, басты өлшем біреу болуы керек: жаңа құқықтық шешімдер қоғамның мүддесіне, құқықтық айқындыққа және әділеттілік қағидаттарына қызмет етуге тиіс. Заң – тәжірибеден туған даналық пен болашақ алдындағы жауапкершілік.

Құқықтық реформаның сапасы қабылданған құжаттың көлемімен немесе өзгертілген баптардың санымен өлшенбейді. Оның шынайы нәтижесі азаматтардың құқықтары қаншалықты қорғалғанынан, кәсіпкерлік ортаның қаншалықты тұрақты болғанынан және сот тәжірибесінде құқық нормаларының біркелкі қолданылуынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу барысында құқық қолдану тәжірибесіне ерекше назар аудару қажет.

Заң жобасын талқылауға ғалымдар мен заңгерлер ғана емес, судьялар, адвокаттар, нотариустар, медиаторлар, кәсіпкерлер, қаржы ұйымдарының өкілдері және азаматтық айналымға түсетін өзге де субъектілер қатысуы маңызды. Себебі, теорияда мінсіз көрінген құқықтық норма тәжірибеде әртүрлі түсіндірілуі мүмкін. Ал оның салдарын қарапайым азамат та, кәсіпкер де, сот та сезінеді. Судья үшін заң нормасының анықтығы – әділ шешім қабылдаудың маңызды алғышарты. Азамат үшін – өз құқығын білу қорғанудың кепілі. Кәсіпкер үшін – ертеңгі күнге сеніммен жоспар құрудың негізі. Сондықтан құқықтық реформаның әрбір нормасы тек қағаз жүзінде емес, өмірде қалай жұмыс істейтіндігі тұрғысынан бағалануы керек.

Қоғамдық талқылау – сенім қалыптастырудың негізі болып табылады. Заң шығару үдерісіндегі ашықтық – демократиялық құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткішінің бірі. Қоғамдық талқылау заң жобасын мақұлдау рәсімімен ғана шектелмеуге тиіс. Ол әртүрлі көзқарастарды тыңдауға, ғылыми дәлелдерді салыстыруға, құқық қолдану тәжірибесіндегі мәселелерді анықтауға және ұсыныстарды шынайы саралауға мүмкіндік беретін мазмұнды үдеріс болуы қажет. Әсіресе азаматтық заңнама сияқты ауқымды құжатқа қатысты асығыстықтан гөрі сапаға басымдық берген жөн.

Өйткені бір ғана құқықтық норманың дұрыс тұжырымдалмауы кейін көптеген дауға, әртүрлі сот түсіндірмесіне және азаматтардың құқығын іске асыруда қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Заңның тұрақтылығы – экономиканың да тұрақтылығы. Ал құқықтық болжамдылық – инвестициялық сенімнің маңызды шарттарының бірі. Осы себепті жаңа кодексті әзірлеу мерзімі ғана емес, оның ғылыми негізділігі, қоғамдық талқылаудың тереңдігі және қабылданған шешімдердің сапасы басты назарда болуы тиіс.

Құқықтық реформаның түпкі мақсаты – адам. Кез келген заңның артында адам тағдыры, оның мүлкі, еңбегі, отбасы, сенімі мен болашағы тұрады. Біз заң туралы айтқанда, кейде баптар мен тармақтарға, құқықтық конструкциялар мен заңи терминдерге көбірек назар аударамыз. Бірақ құқықтың негізгі миссиясын ұмытпауымыз керек: ол – адамның құқығын қорғау, қоғамдық қатынастардағы әділеттілікті қамтамасыз ету және өзара сенімге негізделген тәртіп қалыптастыру. Азаматтық кодекс те осы мақсаттан алшақтамауы тиіс.

Заңды өзгертуге болады, нормаларды жаңартуға болады, құқықтық институттарды жетілдіруге болады. Бірақ қандай өзгеріс болса да, әділеттілік қағидаты өзгермеуі тиіс. Заң – мемлекеттің билік жүргізу құралы ғана емес, қоғамның өзара сенімін қалыптастыратын ортақ келісімі. Нағыз құқықтық реформаның өлшемі – жаңа кодекстің қабылдануы емес, сол кодекс арқылы азаматтың құқығының қорғалуы, кәсіпкердің сенімінің артуы және қоғамдағы әділеттіліктің нығаюы. Себебі, жақсы заң өткеннің тәжірибесін жоққа шығармайды, бүгіннің мәселесін шешеді және болашақтың алдындағы жауапкершілікті сезінеді.

Дайындаған Аяжан ТОҚТАСЫН,
Балауса ТҰРҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ **АДАЛ ҚЫЗМЕТТЕН** БАСТАЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – баршамызға ортақ іс. Негізгі қызмет аясы азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға, құқықтық көмек көрсетуге бағытталғандықтан, бұл салада ашықтықты қамтамасыз ету, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалануға жол бермеу және жемқорлық тәуекелдерін төмендету ерекше маңызға ие.

Әділет органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жұмыстар ауқымы кең. Мәселен бұл бағыттағы жұмыста ең алдымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және түсіндіру жұмыстарына жан-жақты көңіл бөлінеді. Соған орай әділет органы қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру, әдеп нормаларын сақтау бойынша түрлі дәрістер мен тренингтер тұрақты өткізіліп тұрады.

Жемқорлыққа қарсы күрестің келесі бағыты әділет саласы көрсететін қызметті цифрландыру мен мемлекеттік қызметтерді ашық етуге бағытталған. Мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру шын мәнінде адами факторды азайтты, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар арасындағы тікелей байланысты шектеді. Жұмыс барысына тұрақты талдау жүргізу, жемқорлыққа жол ашатын себептер мен жағдайларға мониторинг жасау өз кезегінде қауіптің алдын алып отырғаны рас. Ал қызметкерлердің жеке мүддесі мен қызметтік міндеттері арасындағы қайшылықтарды жою, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға тосқауыл қою саладағы қызметкерлерді тазалыққа, өз ісін жауаптылықпен атқаруға үндеп келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі ең тиімді тетік – қоғамдық бақылау екені анық. Осыны ескере отырып азаматтардың өтініштері мен шағымдарын уақытылы қарау, қызмет сапасына қатысты пікірлерді ескеру және заң бұзушылықтар туралы хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз ету тұрақты назарда.

Юлия ТИМОФЕЕВА,
Алматы қаласы Әділет
департаменті «Жеке және заңды
тұлғалардың пайдасына
сомалар өндіру бойынша
аумақтық бөлімі»
филиалының сот орындаушысы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«БІЗДІҢ ЗАҢ ӨЗГЕ ЕЛДЕРГЕ ӨТЕ ҚОЛАЙЛЫ»

Зарина МАНАП, *ZL Logistics Qualification Center оқу орталығының басшысы:*

(Соңы. Басы 1-бетте)



– Ресей мен Украина арасындағы жағдай ушығатын болса, біздің Еуропаға жолымыз жабылып қалуы мүмкін бе?

– Бізде екінші жол бар. Ол – Каспий теңізі арқылы. Яғни, біз Әзербайжан, Түркия елдері арқылы да Еуропаға шыға аламыз. Оның әлеуеті шектеулі болғанымен, қазір осы бағытты көп қолданып жатырмыз. Қазақстан Қытайдан кейінгі бірінші транзитті мемлекет болғандықтан, Қытайдан шыққан жүк айналымында біз ешқашан назардан тыс қалмаймыз. Негізі жұмыс азайды деп айта алмаймын. Бәрі керісінше болып тұр. Егер шетелдің көліктері біздің ел арқылы өтіп, біздің өзіміздің көліктер де солармен қаттар жұмыс жасап жатса ол жүк айналымының ұлғайғаны емес пе? Өйткені көбі қазір Ресейді айналып өтуде. Ал Ресей маңызды транзиттік мемлекет болып саналғандықтан, көп елдер қазір Қазақстан территориясында өздерінің масштабтарын жасап, қазақстандық кеден арқылы да көп жұмыс жасап жатыр. Соңғы 5 жылда Қазастанда тіптен бос қоймалар қалмаған. Себебі, жүк тасымалы көбіне біз арқылы өтуде.

– Соңғы жылдары кейбір елдер транзиттік жүктерді өз аумағында тек өз көліктерімен тасымалдайды. Өзге елдердің көліктеріне шектеу қойылған ба?

– Иә, мұндай мәселе бар. Біз де көп шығынға ұшырап жатамыз. Бұл жерде көбіне мемлекеттен көмек сұраймыз. Көлік министрлігі халықаралық қатынастарға байланысты өзге елдермен келісімге келіп жатса, біз оған қуанамыз. Ол әр тасымалдаушының қолынан келетін оңай зат емес.

– Нақты қай елдер осындай шектеу қойып жатыр?

– Бұл геосаяси жағдай. Әр елдің өзіндік талаптары, өзіндік экономикалық жағдайлары бар. Бүкіл елдің жағдайы бізден мықты деп айта алмаймын. Бізде рұқсат құжаттарында кездесетін қиыншылық көбінде Ресей, Беларусь және Еуропа елдерінде. Кеден одағындағы өзге елдермен де шешілмеген мәселелер бар.

– Жүк тасымалында 75 пайыз уақыт кедендегі техникалық бақылауға кетеді деген қаншалықты рас?

– Әрине тексеріс болғаны дұрыс. Жалпы ол санкцияның есебінен туындайды. Бұл өте көп географиялық аймақтарға таралғандықтан жаһандық мәселе болып тұр. Елдер арасындағы геосаяси жағдайлар осы санкцияларға әкеп соғып жатыр. Бизнес өте көп шығындалуда. Бірақ бұл қиыншылықтан да өтуіміз керек.

– Цифрлық құжат айналымы тасымалды қаншалықты ұлғайта алады?

– Жүк айналымын көбейтуде цифрландыруды басты кілт ретінде ұстауымыз керек. Себебі біздің елден кейбір мемлекеттер транзит уақыты ұзақ болып кеткендіктен, жүкті өткізгісі келмейді. Бұл құжаттарды рәсімдеуге көп уақыт жұмсаудан. Соның бірі – Қытай елі. Кедендік бақылау, кедендік құжат рәсімдеу тиімсіз болғандықтан, олар қазір Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Ресеймен тікелей жұмыс істеуде. Бізде халық саны аз болғандықтан, көрші елдерге жүк тасымалына байлаулымыз. Біз транзиттік тасымалдауларды оңтайландыру арқылы ғана өзімізде көп жүк айналымын жасай аламыз. Цифрлық бағдарламалар бізге сол жағынан көмектеседі.

– Біздегі логистикалық заңнамаға қандай баға бересіз?

– 10 балмен есептесек қазіргі таңда 6 деген баға бере алам, әрине жеке ойым. Бірінші, халықаралық қатынасқа байланысты заңдарға бизнестің көп жағдайда сауатты болғаны дұрыс. Екінші, біздің заңдарымыз халықаралық заңдармен сәйкес келеді. Бірақ ішкі басқа салалардың заңдарына сәйкес келмей жатады. Мысалы, транспорттық заңдардың салық заңдарымен сәйкес келмейтін тұсы да бар. Қазіргі цифрландыруға да сәйкес келмейді. Мұның бәрі уақыттың талабы және халықтың сұрауы. Соған байланысты олар да өзгеруі шарт. Заңның бірқалыпты тұра беруі де дұрыс емес. Жыл сайын өзгерсе де, он жыл сайын өзгерсе де біз оны дұрыс қабылдай білуіміз керек. Себебі, ескі заң дамуға алып келмейді. Заман қарқынды өзгеріп жатқандықтан заң шығарушы орган заңды соған сай толыққанды шығарып берсе жақсы болар еді.

– Саладағы көлеңкелі бизнестің үлесі қанша?

– Біздің бизнесте ең қатты қорқатынымыз осы. Осындай көлеңкелі тасымалдауларға түсіп қалмаудың амалын қарастырамыз. Бұл жинақталған тауарларда көп кездесіп жатады. Оларды бақылауға тек көлік саласының ғана күші жетпейді. Көлік саласы оны бақылауға міндетті деп те санамаймын. Оны бақылаушы – кеден. Халықаралық қатынастар қатаң тәртіппен бақылануы қажет. Біз тек қатысушымыз. Қатысушы ретінде де біз одан қорқамыз.

– Көрші елдермен салыстырғанда логистикалық заңнамаларда қандай да бір айырмашылық бар ма?

– Әрине, бар. Халықаралық заңдарға ортақ бағынамыз. Алайда ішкі заңдар халықтың жағдайына сәйкес жасалады. Менің ойымша біздің заң өзге елдерге өте қолайлы. Бізге өзге елдердің заңдары қиынырақ болып көрінеді. Атап айтқанда өзге елдегі құқықбұзушылық үлкен жауапкершілікке тартылуға әкеледі. Бұл жағынан біздің ел ең жұмсақ деп ойлаймын. Өзге елдің тасымалдаушыларына біздің құқық қорғаушы қызметкерлеріміз қатты қатаң емес сияқты көрінеді. Және шетелдіктер біздің елде компания ашқан жағдайда салық төлегенмен, таза табыс бізде қалмайды. Сол жағынан біздің ішкі экономикалық өсім азайып кетеді. Өз ішіміздегі таза пайда бізге көбірек қалғаны дұрыс. Шетелдіктер ашқан компаниялар да жалпыға бірдей жүйемен жұмыс жасайды. Бірақ олар көбіне компанияларды қазақстандық азаматтар арқылы ашып отыр. Сол арқылы ішкі жеңілдіктерді қолданады. Бірақ таза пайда өзге елге кетіп жатыр. Бізде әсіресе Қытайдан келген компаниялар тасымал саласында өте көп.

Қазақстан арқылы өтетін халықаралық тасымалдау нарығын шамамен 40 пайыздай тасымалдаушылар өзге елдердің азаматтарының қатысуымен болады. Автокөлік арқылы жүк тасымалы саласында елімізге импорттық жүктер тасымалы басым. Яғни, сыртқы елдерге автокөліктеріміз бос барады. Әсіресе Қытайға. Кейде өте төмен бағада Еуропаға, ТМД елдеріне жүк алып шығамыз. Бізге автокөлік саласында табысты беріп тұрған көбінде импорттық жүктер боп тұр.

– Одан шығатын қандай жол бар?

– Транзиттік тасымалды біз арқылы өткізу – бірінші шешім. Екінші, ішкі өндірісті дамыту. Ішкі өндіріс аз болғандықтан, экспорт аз болғандықтан жарты маршрутты біз тегін жүреміз. Кері маршрутта ғана табыс бар қазір.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Еуропаға жолымыз - ол Каспий теңізі арқылы. Яғни, біз Әзербайжан, Түркия елдері арқылы да Еуропаға шыға аламыз. Оның әлеуеті шектеулі болғанымен, қазір осы бағытты көп қолданып жатырмыз. Қазақстан Қытайдан кейінгі бірінші транзитті мемлекет болғандықтан, Қытайдан шыққан жүк айналымында біз ешқашан назардан тыс қалмаймыз.

МӘСЕЛЕ

ЕСІРТКІНІ ТҰТЫНУ ҚОҒАМҒА ҚАУІП

Есірткі құралдарын медициналық емес мақсатта тұтыну – бүгінгі қоғамның ең күрделі әлеуметтік мәселелерінің бірі. Есірткіге тәуелділік жеке адамның денсаулығына ғана зиян келтіретін құбылыс емес. Оның салдары отбасыға, еңбек ұжымына, балалардың тәрбиесіне, қоғамдық қауіпсіздікке және тұтастай алғанда мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығына әсер етеді.

Есірткі тұтынатын адамның мәселесі көп жағдайда оның жеке басының шеңберінен шығып, жақындары мен айналасындағы адамдардың өміріне әсер етеді. Адамның мінез-құлқы өзгеріп, денсаулығы нашарлап, әлеуметтік байланыстары әлсірейді, отбасындағы түсініспеушілік пен жанжалдар көбейеді. Уақыт өте келе бұрынғы өмір салты, еңбекке деген жауапкершілік және қоғам алдындағы міндеттер екінші орынға ығысуы мүмкін.

Тәуелділікке шалдыққан адамның мінез-құлқындағы өзгерістер отбасы мүшелеріне психологиялық және материалдық қиындықтар әкелуі мүмкін. Отбасылық қаражат есірткі сатып алуға жұмсалуы, қарыздардың пайда болуы, сенімнің жоғалуы және тұрақты жанжалдардың туындауы отбасының әлеуметтік жағдайын нашарлатады.

Әсіресе, балалардың жағдайы алаңдатады. Ата-анасының есірткі тұтынуы баланың қалыпты тәрбиесі мен қауіпсіз ортада өсуіне кері әсер етуі ықтимал. Бала отбасындағы тұрақсыздықтың куәсі болып, психологиялық тұрғыдан зардап шегуі мүмкін. Осылайша бір адамның зиянды әдеті бірнеше адамның тағдырына әсер етеді.

Есірткіні медициналық емес мақсатта тұтыну қоғамдық қауіпсіздік мәселесімен де тікелей байланысты. Есірткі қолданған адамның психикалық және физикалық жағдайы өзгеруі мүмкін. Мұндай жағдайда жол-көлік оқиғаларының, тұрмыстық жанжалдардың және басқа да құқық бұзушылықтардың орын алуы артады.

Есірткі тұтынудың тағы бір маңызды салдары – еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі. Есірткіге тәуелді адам өзінің кәсіби міндеттерін толық орындаудан қалып, еңбек тәртібін бұзуы немесе жұмысынан айырылуы мүмкін. Бұл тек оның жеке табысына емес, отбасының материалдық жағдайына да әсер етеді. Ал еңбекке қабілетті адамның әлеуметтік жүйеден шығуы мемлекет үшін де қосымша жүктеме туғызады. Медициналық көмек көрсету, оңалту, әлеуметтік қолдау және құқық қорғау органдарының жұмысы белгілі бір материалдық ресурстарды талап етеді.

Демек, есірткіні медициналық емес мақсатта тұтынудың салдары жеке адамның денсаулығына келетін зиянмен шектелмейді. Оның әлеуметтік және экономикалық зардабы да бар. Осы қоғамдық қауіптерді ескере отырып, Қазақстан заңнамасында есірткіні медициналық емес мақсатта тұтынғаны үшін жауаптылық көзделген.



Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 440-1-бабында есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, сондай-ақ күшті әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынғаны үшін, егер әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса, әкімшілік жауаптылық белгіленген.

Заңның бұл нормасы қоғамдағы есірткіні тұтынудың алдын алуға және мұндай әрекеттерге құқықтық баға беруге бағытталған. Бұл ретте әрбір істі қарау кезінде адамның кінәсі заңда белгіленген тәртіппен дәлелденуі, дәлелдемелер жанжақты және объективті бағалануы, сондай-ақ әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтың ара-жігі нақты ажыратылуы тиіс. Есірткі мәселесін тек жазалау арқылы шешу мүмкін емес. Құқықтық жауаптылықпен қатар профилактикалық жұмыстардың маңызы зор.

Ата-ана баласының кіммен араласатынына, бос уақытын қалай өткізетініне және мінез-құлқындағы өзгерістерге мұқият қарау қажет. Мектептер мен жоғары оқу орындарында есірткінің зияны туралы формалды түсіндірумен шектелмей, жастарға нақты өмірлік мысалдар арқылы ақпарат беру маңызды. Есірткіні тұтыну кейде адамның жеке таңдауы ретінде қабылданады. Алайда оның салдары жеке адамның шеңберінде қалмайды.

Бір адамның тәуелділігі – отбасының күйзелісіне, балалардың тағдырына, еңбек ұжымындағы қиындықтарға, қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатерге және мемлекетке түсетін әлеуметтік жүктемеге айналуы мүмкін. Сондықтан есірткінің алдын алу – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – ортақ жауапкершілік.

Есірткісіз қоғам қалыптастыру үшін ең маңыздысы – құқық бұзушылық орын алғаннан кейін ғана әрекет ету емес, оның алдын алу. Жастарға дұрыс бағыт беру, отбасындағы қолдауды күшейту, тәуелді адамдарға уақытылы медициналық және әлеуметтік көмек көрсету және заң талаптарын сақтау – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетіктері.

Ата-ана баласының кіммен араласатынына, бос уақытын қалай өткізетініне және мінез-құлқындағы өзгерістерге мұқият қарау қажет. Мектептер мен жоғары оқу орындарында есірткінің зияны туралы формалды түсіндірумен шектелмей, жастарға нақты өмірлік мысалдар арқылы ақпарат беру маңызды. Есірткіні тұтыну кейде адамның жеке таңдауы ретінде қабылданады. Алайда оның салдары жеке адамның шеңберінде қалмайды.

Айман АЗМУХАНОВА,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

МЕРЕЙ

ОЙ ҰСТАСЫ - ОЙ ҰСТАЗЫ

Философ ғалым Асқар Лесхан – 70 жаста

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты Лесхан Әмірханұлы Асқар асқаралы 70 жастың белесіне шығып отыр. Саналы ғұмырын білім мен ғылымға, шәкірт тәрбиесіне арнаған Лесхан аға туралы айтылар ойлар бірінің алдын бірі орағытып ағытылуға асық. Осынау мерейлі шақта осындай ойлардың бір парасымен бөлісуді жөн санадық.



Асқар Лесхан Әмірханұлы 1956 жылы 15 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысында дүние есігін ашқан. Тізілген моншақтай қатар орныққан Мырзашөл, Келес, Мақтаарал, Жетісай, Қызылқұм, шағалалы Шардара тектес қасиет қонған мекендердің ауасын жұтып, топырағында аунап өскен Лесхан ағамыз бала кезінен зерек болып, жан-жақты дамыған тұлға болып есейеді. Бала Лесханның таудай талабы оны Шымкенттегі №12 мектеп-интернатқа алып келіп, оны 1974 жылы бітіріп, үлкен өмірге аяқ басады. 1976–1978 жылдары әскери қызметін өтеп келгеннен кейін, бірден С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетіне қабылданып, 1983 жылы оқуын аяқтап қызметке араласады. 1983–1987 жылдары Лесхан Әмірханұлы Алматы Сәулет құрылыс институтында ұстаздық етіп, маман ретінде қалыптасу мектебінен өтеді. Жас маман ғылым дәлізіне 1987 жылы қадам басты. Сол жылы талайлардың арманы болған М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне философия мамандығы бойынша аспирантураға түседі. Бұл шын мәнінде Лесхан ағамыздың ғалым ретінде қалыптасып, шынайы өмір мектебінен өткен кезеңі болды. Осылайша, 1990 жылы «Ұлтаралық қатынастардағы идеологиялық үдерістерді реттеу мәселелері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ғылым жолына түседі.

Алып мемлекет ыдырап, құндылықтар ауысып, нарықтық қатынастар белең алған шақта Лесхан ағаның алдына сансыз жолдар тарамдалды. Кәсіп, бизнес, сауда … секілді өрілген ойлар легін негізгі мақсат жолына өрнектеп ғылымға таңдау жасаған Лесхан ағамыз сонау 1992 жылдан бері кафедрамызда табан аудармай еңбек етіп келеді.

Лесхан ағаның ғылыми зерттеу аймағы сан түрлі: логика, сыни ойлау, түркі мәдениеті мен философиясы, Қазақ философиясы, әл-Фараби және қазіргі заман, ғылым тарихы мен философиясы секілді философия тарамдары. Ғылым кеңістігінде 200-ден астам ғылыми еңбек жариялады. Айта кетерлігі оқулықтар мен оқу құралдары, монографиялар мен мақалалар ешбір аяда тарылып, тұйықталмаған. Ғалымның ғылыми назарына философия тарихы да, онтология мен гносеология да, логика, эпистемология, мәдениет философиясы, батыс һәм шығыс философиясы да, ислам философиясы, фарабитану, қазақ, түркі философиясы да іліккен. Осы ғылыми өрістердің қай-қайсысы болмасын Лесхан ағаның құнды тұжырымын жасырған дүниелер. Қарымды ғалым Берік Аташпен бірлестікте жазған «Онтология және гносеология» оқу құралы қазақ философиясы осындай тұлғалар арқасында жалпы қабаттан әлдеқайда әріге, терең арнаға түскенін көрсеткендей. Лесхан ағамыз жұртшылыққа фарабитанушы ретінде де танымал. Ғылыми мақалаларының басым бөлігін Фараби мұрасына арнағанынан бөлек, арнайы «Фарабитану» оқу құралын жазуға қатысуы осының айғағы. Ұжымдық авторлық рухқа ұласқан идеяларында Лесхан Әмірханұлы әл-Фарабидың таным теориясына, логикалық трактаттарына тәпсірлі түсіндірмелер беріп, басылымның салмағы мен құндылығын арттыра түседі.

Лесхан ағаның өзіндік өрісі әлбетте ой шеберханасы – логика. Ол еліміздегі бірден бір логик ғалым әрі логиканың сарапшысы. Олай дейтініміз тек логикадан сабақ беріп қана қоймай, жеке-дара да сондай-ақ Берік Аташ, Әсет Құранбек сынды ғалымдармен бірлестікте де ой ілімінің қисыны мен қыртысын жазып, логикалық зерттеулерді әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина мұраларымен байланыстырып, тіпті ойлау эволюциясына дейін қалам тербейді.

Лесхан Әмірханұлы университет, факультет, кафедра өмірімен бірге тыныстап, әрдайым қоғамдық жұмыстардың бел ортасында келеді. Білім мен тәрбиені тең ұстаған Лесхан Әмірханұлы өзі бас болып 1992 жылы құрған «Кіші Фараби академиясына» күні бүгінге дейін жетекшілік етіп келеді. Білімгерлердің білігін шыңдайтын бұл академия ел аумағындағы өзге де мектеп, клуб, үйірмелермен тығыз байланыс орнатқан. Қоғамдық-танымдық бағыттағы көкейкесті, түйткілді рухани, философиялық мәселелердің шешімі табылған, кейбірінің нүктесі қойылған бұл платформа Халифа Алтай, Әбсаттар қажы Дербісәлі, Мұхтар Шаханов, Асылы Осман, Зейнеп Ахметова, Дос Көшім секілді тұлғаларды қонақ етті. «Кіші Фараби академиясы» жиындарынан, тіпті атауының өзінен рухани кездесулерден тұнған тылсым рух пен Фарабимен үндескен А.Қасымжанов, А.Көбесов, Қ. Рахматуллин, М. Орынбеков, Б. Нұржанов, Ә. Нысанбаев, Ж. Молдабеков үндері үздігіп естіліп тұрғандай...

Оралымды ойдың ұстасы, философия мен логиканың ұстазы Лесхан Әмірханұлын мерейлі жасымен ақ жүрекпен құттықтаймыз! Кісілігі мен кішілігін тең ұстаған ағамызға толағай табыс, амандық-саулық, мықты денсаулық, береке, бақыт пен шаттық тілейміз!

Айналаңызға шуақ шашып, ізіңізді басып ілескендерге үлгі болып арамызда жүре беріңіз, Лесхан аға!

Зейнәбіл АЙДАРБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының профессоры м.а.
Ерболат ҚОШҚАРБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия кафедрасының аға оқытушысы

АЛТЫН АРҚАУ

РУХАНИ ТІРЕК

Тіл – әрбір ұлттың баға жетпес байлығы, рухани тірегі, тарихи жады. Халықтың болмысы мен мәдениеті, салт-дәстүрі мен дүниетанымы ең алдымен ана тілі арқылы көрініс табады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек тіл мамандарының немесе белгілі бір топтың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Қазақ халқы үшін тілдің орны әрдайым ерекше болған. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін қадірлеген халқымыз ұрпақ тәрбиесінде ана тіліне айрықша мән берген. Тіліміз ғасырлар бойы ел тарихының куәсі болып, талай қиындықты еңсеріп, бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің рухани негізіне айналды.

Ақын Қадыр Мырза Әлі:

«Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте!» –

деп, әрбір азаматтың жүрегіне ой салады. Шынында да, өзге тілдерді меңгеру – заман талабы, ал ана тілін құрметтеу – азаматтық парыз. Өз тілін қадірлеген адам ғана өзге халықтардың тілі мен мәдениетіне құрметпен қарай алады.

Бүгінде Қазақстан – түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан ортақ шаңырақ. Осындай көпұлтты қоғамда мемлекеттік тіл барша азаматтарды біріктіретін ортақ құндылыққа айналуы тиіс. Қазақ тілін меңгеру арқылы әрбір азамат еліміздің мәдени кеңістігіне жақындай түседі, халықтың тарихы мен дүниетанымын тереңірек таниды.

Ана тіліміздің қадір-қасиетін ақын Мұқағали Мақатаев та өз шығармашылығында ерекше жырлаған:

«Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің».

Ақынның осы өлең жолдарынан туған халқына деген сүйіспеншілік пен ұлттық рухтың биіктігін аңғарамыз. Ал халықтың рухани тұтастығын сақтайтын басты құндылықтың бірі – ана тілі.

Тілдің болашағы – жас ұрпақтың қолында. Сондықтан отбасында баланың қазақша сөйлеуіне жағдай жасау, білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, кітап оқуға баулу, ұлттық әдебиет пен мәдениетті насихаттау маңызды. Мемлекеттік тіл тек мерекелік іс-шараларда ғана емес, күнделікті тұрмыста, білімде, ғылымда, қызмет көрсету саласында және қоғамдық ортада кеңінен қолданылуы қажет.

Әрине, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек заңмен немесе талаппен шектелмейді. Ол әр азаматтың күнделікті іс-әрекетінен, тілге деген құрметінен, оны үйренуге деген ынтасынан басталады. Бір-бірімізбен қазақша сөйлесу, ана тіліміздегі әдебиеттерді оқу, балаларымызға қазақ тілінде тәрбие беру – тіл тағдырына қосылған нақты үлес.

А.СУЕУОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

ӘЛЕУМЕТ

АДАМДАР НЕГЕ БІР-БІРІНЕН АЛЫСТАП БАРАДЫ?

Адамзат тарихында қарым-қатынас жасау дәл бүгінгідей оңай болған емес. Әлемнің кез келген нүктесіндегі адаммен санаулы секундта тілдесуге, мыңдаған адаммен танысуға, күнделікті өмірімізді көпшілікпен бөлісуге мүмкіндік бар. Алайда осынша мүмкіндіктің ортасында адам өзін неге жалғыз сезінеді?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2025 жылғы 30 маусымда жариялаған баяндамасына сәйкес, әлем халқының шамамен 15,8 пайызы, яғни әрбір алтыншы адам жалғыздықты сезінеді. Әсіресе, жасөспірімдер арасында бұл көрсеткіш жоғары. Олардың 21 пайызы жалғыздық сезімін бастан кешіреді. Ұйымның бағалауынша, әлемде жыл сайын 871 мыңнан астам өлім жағдайы жалғыздықпен байланысты. Зерттеулер жалғыздық пен әлеуметтік оқшауланудың жүрекқан тамырлары аурулары, екінші типтегі қант диабеті, депрессия және мазасыздық қаупінің жоғарылауымен байланысты екенін көрсетеді. Демек, жалғыздықты адамның көңіл күйіне қатысты уақытша құбылыс ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз.

Қазақстандықтардың әлеуметтік байланысы қаншалықты берік?

ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша әлеуметтанулық сауалнама жүргізілген. Зерттеуге еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар үш қаласынан 18 жастан асқан 8 001 респондент қатысқан. Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 5,7 пайызында мүлде жақын досы жоқ екені, ал 9,3 пайызының бір ғана жақын досы бары анықталған. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың 8,7 пайызы қажет болған жағдайда көмек сұрай алатын достарының жоқ екенін көрсеткен. Әлеуметтік байланыстардың сақталып отырғанын көрсететін деректер де бар. Сауалнамаға қатысушылардың 68,5 пайызының екіден тоғызға дейін жақын досы бар.

Ал Gallup халықаралық зерттеу ұйымының 2026 жылғы сәуірде жариялаған есебіне сәйкес, Қазақстандағы қызметкерлердің 9 пайызы сауалнама алдындағы күннің едәуір бөлігінде жалғыздық сезінген. Әлемдік көрсеткіш 22 пайызды құраған. Аталған зерттеудің деректері 2025 жылы жиналған.

Бұл көрсеткіштер Қазақстан қоғамында әлеуметтік оқшаулану мәселесінің бар екенін аңғартады. Алайда жақын достарының аз болуы адамның міндетті түрде өзін жалғыз сезінетінін білдірмейді. Сондай-ақ елімізде жалғыздық деңгейінің жыл сайын өсіп келе жатқаны туралы нақты қорытынды жасау үшін ұзақмерзімді зерттеулер қажет.

Әлеуметтік желі: байланыс бар, жақындық ше?

Цифрлық технологиялар адамдардың қарым-қатынас жасау мүмкіндігін кеңейтті. Бүгінде шетелдегі туыспен сөйлесу, алыстағы достың жағдайын білу, ортақ қызығушылығы бар адамдармен танысу қиын емес.



Алайда виртуалды қарым-қатынас пен шынайы адами байланыстың арасында айырмашылық бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы цифрлық медианы шамадан тыс немесе зиянды пайдалануды, әсіресе жастар арасында, жалғыздық пен әлеуметтік оқшауланууға ықпал етуі мүмкін факторлардың бірі ретінде көрсетеді.

Әлеуметтік желіде адамдар көбіне өмірінің сәтті кезеңдерін, жетістіктерін, саяхаттарын, қуанышты сәттерін жариялайды. Ал күнделікті қиындықтары мен ішкі күйзелістері көп жағдайда кадр сыртында қалады.

Осындай көріністерді бақылаған адам өз өмірін өзгелермен салыстырып, қолындағы мүмкіндіктерін бағаламай қалуы ықтимал. Өзгенің өміріндегі ең жарқын сәттерді өзінің күнделікті тіршілігімен салыстыру қаншалықты әділетті?

Бүгінде мансап, қаржылық тәуелсіздік, баспана, кәсіби даму көптеген адамның өмірлік мақсаттарының қатарында тұр. Осы мақсаттарға жету жолында адам уақытының едәуір бөлігін жұмысқа жұмсауы мүмкін. Таңертең жұмысқа асығып, кешке шаршап оралған адамның жақындарымен әңгімелесуге, достарымен кездесуге, ата-анасының жағдайын білуге уақыты мен күш-қуаты жете бермеуі ықтимал. Мұндай өмір салтының қалыптасуына жеке таңдау ғана емес, экономикалық жағдай, еңбек нарығындағы бәсеке, тұрмыстық міндеттер де әсер етуі мүмкін.

Үлкен қалалар адамға білім алуға, еңбек етуге, кәсіби тұрғыдан дамуға мол мүмкіндік береді. Алайда жаңа ортаға бейімделу әркім үшін бірдей оңай емес. Туған жерінен басқа қалаға қоныс аударған адам бұрынғы әлеуметтік ортасынан алыстап, жаңа байланыстар қалыптастыру қажеттілігіне тап болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қоныс аудару, жұмысынан айырылу, зейнетке шығу, жақын адамынан айырылу секілді өмірлік өзгерістерді әлеуметтік оқшаулану мен жалғыздыққа ықпал ететін факторлардың қатарына жатқызады.

Мегаполистегі көпқабатты үйлерде жүздеген отбасы қатар өмір сүргенімен, көршілердің бір-бірін танымауы мүмкін. Мыңдаған адамның ортасында жүру адамның қоғаммен тығыз байланыста екенін білдірмейді. Бұл мәселе егде жастағы азаматтар үшін де ерекше маңызды. Зейнетке шыққан, балалары бөлек тұратын немесе өмірлік серігінен айырылған адамның әлеуметтік ортасы тарылуы ықтимал. Қарияның қажеттілігі азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен және материалдық қолдаумен ғана шектелмейді. Оның да әңгімелесуге, пікір бөлісуге, қоғам өміріне араласуға деген қажеттілігі бар. Қарттық адамның қоғамнан шеттетілуіне себеп болмауға тиіс.

Біз бір-бірімізді тыңдаудан қалдық па?

Қазіргі адам ақпараттың тапшылығын емес, кейде шынайы ықыластың тапшылығын сезінеді.

Біз бір-бірімізге хабарлама жібереміз, бірақ әңгімелесуге уақыт таппаймыз. Жетістіктерімізді жариялаймыз, бірақ қиындықтарымызды жасырамыз. Өзгенің өмірін бақылаймыз, алайда оның жан дүниесіне үңіле бермейміз. Мүмкін, қазіргі қоғамның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі жаңа байланыс құралдарын ойлап табу емес, қолда бар адами байланысты сақтап қалу шығар. Өркениетті қоғамның дамуы экономикалық көрсеткіштермен, биік ғимараттармен немесе технологиялық жетістіктермен ғана өлшенбеуге тиіс. Адамның қадір-қасиетінің құрметтелуі, әлеуметтік қолдауға қол жеткізе алуы, қиын сәтте қоғамнан шет қалмауы да дамудың маңызды өлшемдері болуы керек.

Жалғыздықтың ең күрделі түрі – айналаңда ешкімнің болмауы емес, адамдардың ортасында жүріп, өзіңді ешкімге қажетсіз сезіну.

Аружан МАУЛЕНБАЙ

ҰЛТ ҰСТАЗЫ

ДАЛА ҚОҢЫРАУЫ

Қазақ даласында білім мен ғылымның шамшырағын жағып, ұрпақ санасына ізгілік пен адамгершіліктің дәнін сепкен ұлы ағартушы, көрнекті педагог, жазушы әрі қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің есімі халқымыздың рухани тарихында мәңгі сақталады. Биыл қазақтың ұлы ұстазы, ағартушылықтың ақ туын көтерген Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толып отыр.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының болашағын біліммен байланыстырған, елдің өркендеуі үшін ұрпақ тәрбиесі мен оқу-ағарту ісін басты орынға қойған тарихи тұлға. Ұлы ағартушыға өз заманында қазақ даласында мектеп ашып, балаларға білім беру оңай шаруа болмаса да, ол кездескен қиындықтарға мойымай, бар күш-жігерін халықтың сауатын ашуға, жас ұрпақтың көзін ашып, көкірегін оятуға арнады.

1864 жылы Торғай даласында қазақ балаларына арналған алғашқы мектептердің бірін ашуы – оның ел болашағы үшін жасаған тарихи қадамдарының бірі. Осылайша, қазақ даласында білімге деген құштарлықтың жаңа кезеңі басталды. Ыбырай балаларды оқытып қана қойған жоқ, олардың бойына еңбеккорлық, адалдық, ізеттілік, адамгершілік секілді асыл қасиеттерді сіңіруге күш салды. Ол үшін білім – жеке адамның жетістігі ғана емес, тұтас халықтың дамуына жол ашатын құдіретті күш еді.

Ұлы ұстаздың «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі – қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыттың жарқын үлгісі. Бұл өлең арқылы ол жас ұрпақты оқуға, ізденуге, уақытты бағалауға шақырды. Ақынның жалынды жырлары талай баланың жүрегіне үміт отын жағып, білімге деген ынтасын арттырды. Оның шығармаларындағы негізгі идея – білімді болу, адал еңбек ету, адамдық қасиетті сақтау және елге пайдалы азамат болып қалыптасу.

Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде де өркениетке ұмтылу, ғылым мен техниканың жетістіктерін меңгеру идеясы айқын көрінеді. Ол өз заманынан озық ойлап, халықтың дамуы үшін білім мен өнердің маңызын терең түсінді. Еуропа елдерінің жетістіктеріне назар аудара отырып, қазақ жастарының да ғылымды меңгеріп, заман талабына сай білім алуын армандады. Бұл арман бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу мақсатымен үндеседі.



Ұстаздың әдеби мұралары тәрбиелік мәнімен өте құнды. Оның «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Мейірімді бала» секілді туындылары жас ұрпақты адамгершілікке, қарапайымдылыққа, еңбексүйгіштікке және мейірімділікке баулиды.

Ыбырай Алтынсариннің тағы бір тарихи еңбегі – қазақ қыздарының білім алуына жол ашуы. 1887 жылы Ырғызда қазақ даласындағы қыздарға арналған тұңғыш мектеп Ырғыз училищесін ашты. Ол қыз балалардың да сауатты, білімді болып өсуін қоғам дамуының маңызды шарты деп біліп, қыздардың да білім алуына үлес қосты. Бұл оның ағартушылық көзқарасының кеңдігін, ұлт болашағына деген жауапкершілігін танытады.

Ұлы ұстаздың педагогикалық қызметі мектеп ашумен ғана шектелген жоқ. Ол оқу құралдарын әзірлеп, балаларға түсінікті тілде білім беруге ұмтылды. 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» – қазақ халқының білім беру тарихындағы маңызды еңбек болды.

Оның ұстаздық мұраты бір ғана кезеңмен шектелмейді. Ыбырай көтерген білім, тәрбие, еңбек, адамгершілік мәселелері бүгінгі күні де өзекті. Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялар дамып, білім беру жүйесі жаңарып жатқанымен, шәкірт жүрегіне жол табу, оның бойындағы қабілетті ашу, ізгілікке тәрбиелеу міндеттері өзгерген жоқ.

Ұлы ағартушының 185 жылдық мерейтойы – оның еңбектерін қайта зерделеп, тағылымды мұрасын жас ұрпаққа кеңінен танытудың маңызды мүмкіндігі. Ыбырай Алтынсариннің есімі ел жүрегінде мәңгі сақталып, ол жаққан білім шырағы бүгінгі ұрпақтың қолында жарқырап, жаңа биіктерге жетелей береді. Оның «Кел, балалар, оқылық!» деген үндеуі арада ғасырлар өтсе де, өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл – білімге шақырған үн ғана емес, елдікке, өркениетке, жарқын болашаққа бастайтын рухани бағдар.

Дала қоңырауының үні – ұрпақ жүрегіндегі білімге деген құштарлықтың үні. Ұлы ұстаздың арманы – білімді ұрпақ, өркениетті ел, жарқын болашақ. Ендеше, Ұлт ұстазына тағзым етіп қана қоймай, Ыбырай салған сара жолды жалғастыру – баршамыздың ортақ парызымыз!

Гүлжахан АБИЕВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «YT Holding Limited», «Астана» халықаралық қаржы орталығының ережелеріне сәйкес құрылған жеке компаниясы, (БСН 240940900068), тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05H9M1, Астана қ., Есіл ауд., Достық көш, 5-үй, IQ Coworking, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі (2) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Z05H9M1, Астана қ., Есіл ауд., Достық көш., 5-үй, IQ Coworking. Байланыс телефоны: 8 701 170 7375.

3. «СП Гермес» ЖШС (БСН 111140017353) (ҚР, Ақтөбе қ., Ш. Берсиев көш., 9-үй), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қ., Есет-Батыр көш., 160Б үй, 1-пәт. Тел. +7 701 618 75 85.

7. «Алматы облысының еңбек инспекциясы бойынша баскармасы» ММ (БСН 130840001111), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы обл., Қонаев қ., Железнодорожная көш., 25-үй.

8. «Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 221040035931), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Самар ауд., Самар а/о, Самар ауылы, Горохов көш., 58-үй.

10. «Berikbol Mansur Group» ЖШС (БСН 260640044888) жабылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы обл., Қарасай ауд., Іргелі ауылдық округі, Іргелі ауылы, «Асыл-Арман» тұрғын үй алабы, 7-үй, 189-пәтер, пошта индексі 040095.

11. «Уральск милк» ЖШС (БСН 220640041816) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қ., Жуков көш, 4-үй, 7-пәт., пошта индексі 090000, тел.: 8 706 636 82 77.

16. «Aitek AGRO» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230440022943) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан обл., Ордабасы ауд., Бөржар ауылдық округі, Ұялыжар ауылы, Т.Бокин көш., 6-үй, пошталық индексі 160600.

ӘРТҮРЛІ

4. «Трибо» ЖШС (БСН 050740004928) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес барлық кредиторлар мен өзге де мүдделі тұлғаларға «Трибо» ЖШС қатысушыларының 2026 жылғы 10 қарашадағы жалпы жиналысының шешімімен аталған заңның 33-бабының 3-тармағының талаптарын орындау мақсатында серіктестіктің қатысушысынан сатып алынған 15 пайыздық үлестің өтелуіне байланысты «Трибо» ЖШС-нің жарғылық капиталын 40 000 000 (қырық миллион) теңгеден 34 000 000 (отыз төрт миллион) теңгеге дейін азайту туралы шешім қабылданғаның хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Петропавл қ., М. Әуезов көш., 264-үй. Тел.: 8 7152 39 00 43.

6. «Тауэр Девелопмент ЛТД» ЖШС (БСН 180540025256), өзінің жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Байзақов көш., 280-үй, «Алматы Тауэрс» бизнес орталығы, Солтүстік мұнара, 17 қаб., тел. +7 701 758 03 08.

9. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көмек» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 990240004469) Железин ауданының экономика нақты секторы бөлімінің қарамағындағы «Көмек» ЖШС болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар обл., Железин ауд., Железин ауылдық округі, Железинка ауылы, Космонавтар көш., 17-ғимарат.

12. Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 9 қарашадағы ұйғарымымен «Ботақара Құрылыс» ЖШС-не (БСН 100240010867) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс қозғалды. Заңды мекенжайы: Қарағанды обл., Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көш., 34А, 1-блок, 303-кеңсе.

13. «Каз-Травертин» ЖШС (БСН 140740015328), шығып кеткен қатысушының үлесін өтеу жолымен жарғылық капиталының азайтылатыны туралы өз кредиторлары мен мүдделі тұлғаларға хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде kaz-travertin@mail.ru электрондық поштасы арқылы немесе келесі телефон нөмірлері бойынша қабылданады: директор К.А. Смаилов, тел.: +7 771 774 7980; бас бухгалтер Д.Н. Мадраимова, тел. +7 775 051 7008; заңгер М.С. Уалиханов тел., +7 771 372 4947.

МҰРАГЕРЛІК

15. 2026 жылы 11 маусымда қайтыс болған Нурмаханова Бухар Туркменбаевнаның қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қарағанды обл., Приозерск қ., Кисунько көш., 1Б мекенжайы бойынша нотариус А.М. Марбатоваға хабарласуы қажет. Тел. +7 707 345 33 01.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ЖОҒАЛУ

5. «Спорт және медициналық білім саласындағы денешынықтыру мен спортты қолдау және дамыту қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің (БСН 200640028627, Алматы қ.,) жарғысының жоғалған түпнұсқасы жарамсыз деп саналсын.

14. «Инноватор» ғылыми-өндірістік кәсіпорыны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 151140010032) жоғалған мөрі жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

ПАЙЫМ

Азаматтар бұзылған құқығын қорғау мақсатында сотқа жиі жүгінетін істің бір санаты тұрғын үй қатынасынан туындайтын даумен байланысты. Субъектінің құрамына байланысты олар азаматтық немесе әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін.

ӘКІМШІЛІК АКТІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕУ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ МІНДЕТІ



Б.СҮЛЕЙМЕНОВА
Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Егер дау әкімшілік органның шешіміне, әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымданумен байланысты болса, ол әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралады. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберіндегі тұрғын үй даулары мәселе азаматтар мен мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы әкімдіктер немесе тұрғын үй комиссиялары арасында туындаған кезде қаралады. Мұндай даулардың материалдық-құқықтық негізін тұрғын үй беру, есепке қою, жекешелендіру тәртібін және тұрғын үй қатынасының басқа да мәселесін реттейтін «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы құрайды.

Әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде соттар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждарын есепке қоюдан бас тартуды заңсыз деп тану, тұрғын үй кезегінен бас тартуды заңсыз деп тану, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беруден бас тартуды даулау, тұрғын үй комиссияларының шешімін даулау, азаматтардың өтініштерін қарау кезінде әрекетсіздікті заңсыз деп тану секілді дауларды қарайды Осылайша, әкімшілік акт немесе оны қабылдау процесі сот бақылауының нысанасы болып табылады.

ӘРПК-нің соттың белсенді рөлі қағидаты бойынша сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді бағалаумен шектелмейді, қосымша материалдарды өз бетінше талап етуге, рәсімдік талаптардың сақталуын тексеруге және қабылданған шешімнің мөлшерлестігін бағалауға құқылы. Бұл қағидат азамат мемлекеттік органмен салыстырғанда аз қорғалған жағдайда болатын тұрғын үй дауында өте маңызды.

ӘРПК ережелеріне сәйкес, әкімшілік актінің заңдылығын дәлелдеу міндеті әкімшілік органға жүктеледі. Демек, бас тартудың немесе басқа даулы шешімнің заңдылығын әкімшілік органның өзі дәлелдеуі тиіс. Бұл ереже азаматтар үшін іс жүргізу кепілдігін күшейтеді, мемлекеттік және жеке мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қалыптастырады. Сот әкімшілік актіні тек заңға ресми сәйкестік тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар заңдылық, мөлшерлестік, ақылға қонымдылық және азаматтардың мемлекетке деген сенім құқығын қорғау қағидаттарына сәйкес бағалайды. Бұл соттық қараудың аясын кеңейтеді және тұрғын үй құқығын жанжақты қорғауды қамтамасыз етеді.

ӘРПК-нің енгізілуі Қазақстан Республикасында әкімшілік әділеттің дамуындағы маңызды кезең болды. Әкімшілік тәртіппен қаралған тұрғын үй даулары сот қорғауының тиімді тетіктеріне ие болды. Дәлелдеу ауыртпалығын қайта бөлу, соттың белсенді рөлі және әділ әкімшілік рәсім қағидаттарының орнығуы азаматтардың тұрғын үйге қатысты конституциялық құқығын іске асыру кепілдіктерін нығайтуға ықпал етеді. Осылайша, тұрғын үй қатынастары саласындағы әкімшілік іс жүргізу қоғамдық және жеке мүдделерді теңестірудің, сондай-ақ құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтудың маңызды құралы қызметін атқарады.

ПӘРМЕН

ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖАЙЛАҒАН ОРТАДА **ДАМУ БОЛМАЙДЫ**

Сыбайлас жемқорлық орын алған ортада даму да, өсу де болмайды. Керісінше жең ұшынан жалғасу азаматтардың мемлекеттік органдарға қатысты теріс көзқарасын қалыптастырып, елдің ертеңіне деген сенімін төмендетеді. Яғни сыбайлас жемқорлық тазалыққа, әділдікке, адалдыққа, теңдікке кереғар. Ал мұндай кеселмен күрес тек мемлекеттік органдар ғана емес, бүкіл қоғам атсалысқанда нәтижелі болады.



Сол себепті елімізде барлық мемлекеттік органдар жемқорлықтың алдын алып, сыбайластыққа жол бермеу үшін ауқымды жоспар құрып, кешенді іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Осы қатарда әділет органдары да бар. Әділет саласының бұл бағытта атқарған жұмыстары орасан. Бұл құрылым сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарының басында тұр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі баптары, жең ұшынан жалғасқандарға берілетін жаза мен жауаптылық мәселелері әділет органдары ұйымдастырған дөңгелек үстел, кездесулердің басты тақырыбына айналған. Басты міндеті заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың мемлекетке деген сенімін нығайту болғандықтан, әділет саласының әрбір қызметкері азаматтарға заңды сақтаудың жарқын үлгісін көрсетіп, айналасындағыларға құқықтық кеңес беруді негізгі борышы деп санайды.

Қызметтік өкілеттіктерді жеке мүдде үшін пайдалану, азаматтардың өтініштерін қарау кезінде заң талаптарын бұзу немесе қандай да бір артықшылық ұсыну әділет органы қызметкерлерінің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер. Өздері қызмет етіп отырған саланың атына кір келтірмеу үшін қызметкерлер заңнама талаптарын қатаң сақтап, әдеп нормаларын бұзбауға күш салады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бір күннің ішінде орындалып, бір сәтте нәтиже бермейтіні кім-кімге де белгілі. Бұл жүйелі де сауатты жоспарды қажет ететін, тындырымды да үздіксіз іс-шаралар өткізуге міндеттейтін мәселе. Әрі жемқорлықпен бірлі-жарым құзырлы орган емес, барша халық бірігіп күрескенде сыбайластықтың тамырына балта шабылары хақ.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек заң бұзушылық анықтаумен, қиыс басқан адамды жауаптылыққа тартумен шектелмеуі керек. Ең алдымен, оның туындауына жол беретін себептер мен жағдайларды жою, құқық бұзушылықтың алдын алу және қызметкерлердің құқықтық жауапкершілігін арттыру аса маңызды. Әсіресе бүгінгідей цифрландыру заманында мемлекеттік қызметтегі бюрократия, қолдан жасалатын кедергілер жойылып, адами фактор айтарлықтай азайды. Мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа ауыстырылуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің тиімді құралы болып отыр. Электрондық қызметтерді дамыту, құжат айналымын автоматтандыру, азаматтардың өтініштерін электрондық форматта қабылдау мемлекеттік органдардың жұмысын ашық әрі қолжетімді етуге мүмкіндік беруде. Ал ашықтық, қолжетімділік артқан кезде сыбайлас жемқорлыққа да жол берілмейтіні анық.

Хакім МАҚҰЛОВ,
Алматы қаласы Әділет департаменті Мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру бойынша аумақтық бөлім филиалының басшысы

БАҒДАР

ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАТАР ЖҮРУІ КЕРЕК

Заңгер үшін қажетті ақпаратты табу және оны дұрыс түсіну өте маңызды. Оқу барысында біз көптеген заң, ғылыми мақала және сот шешімімен танысамыз. Кейде үлкен көлемдегі мәтіннің негізгі ойын анықтау көп уақыт алады. Осындай жағдайда жасанды интеллект мәтінді қысқаша түсіндіруге, маңызды мәселелерді бөліп көрсетуге және әртүрлі пікірді салыстыруға көмектеседі. Бұл студентке уақытын тиімді пайдаланып, тақырыпты тереңірек зерттеуге жағдай жасайды.

Жасанды интеллект заң білімінің қолжетімділігін арттыруға да мүмкіндік береді. Құқықтық мәтіндерде күнделікті өмірде сирек қолданылатын күрделі сөздер кездеседі. Студент жаңа тақырыпты бірден түсінбеуі мүмкін.

Магистратурада оқу кезінде ғылыми зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Зерттеу тақырыбын таңдау, жоспар құру, әдебиеттерді қарастыру және өз пікіріңді жүйелі жеткізу жауапкершілікті талап ететін жұмыстар. Жасанды интеллект зерттеу сұрақтарын нақтылауға, жоспардың алғашқы нұсқасын жасауға және тақырыпқа әртүрлі қырынан қарауға көмектесе алады. Бірақ ғылыми жұмыстың негізгі ойы мен қорытындысы зерттеушінің өз еңбегіне сүйенуі керек. Дайын жауапты көшіріп алу студенттің зерттеу қабілетін дамытпайды.

Жасанды интеллектті қолданғанда оның қателесуі мүмкін екенін ұмытпауымыз керек. Ол кейде заңның мазмұнын дұрыс түсіндірмеуі, ескі ақпаратты ұсынуы, шын мәнінде жоқ дереккөзді көрсетуі мүмкін. Сол себепті заңның қолданыстағы мәтінін ресми ақпарат көздерінен тексеру қажет. Ғылыми мақалаға сілтеме берілген жағдайда оның шынымен бар екенін және айтылған пікірге сәйкес келетінін анықтау керек. Жауаптың сенімді көрінуі оның міндетті түрде дұрыс екенін білдірмейді.

Тағы бір маңызды мәселе – жеке мәліметтер мен құпия ақпаратты қорғау. Заңгерлердің қолында адамдардың жеке деректері, ұйымдардың құжаттары және дауға қатысты мәліметтер болуы мүмкін. Мұндай ақпаратты жасанды интеллект жүйесіне енгізбес бұрын оны пайдалануға рұқсат бар-жоғын және деректердің қалай сақталатынын ескеру қажет. Оқу кезінде де нақты адамдардың мәліметтерін алып тастап, жалпы мысалдарды қолданған дұрыс. Технологияны пайдалану жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс.

Ділнар АМАНЖАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты
Нұрлайым МЫНБАТЫРОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

ПІКІР

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАЗАҚША САУАТТЫ ӘЗІРЛЕУ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Тіл – ұлттың рухани тірегі, тәуелсіздіктің тұғыры. Әрбір халықтың тарихы, мәдениеті мен дүниетанымы оның ана тілі арқылы көрініс табады. Сондықтан мемлекеттік тілді құрметтеп, қолданыс аясын кеңейту – ортақ міндет.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Оның мәртебесі Конституциямен бекітілген. Мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі орны ерекше болғандықтан, оны дамыту мен күнделікті қолданысын арттыру мемлекеттік органдардың да маңызды міндетінің бірі болып табылады. Әсіресе, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің орны айрықша. Өйткені сот – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды, заң үстемдігін қамтамасыз етуді мақсат ететін маңызды мемлекеттік институт.

Сот ісін жүргізуде қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз ету, сот отырыстарында мемлекеттік тілдің мәртебесін сақтау, іс жүргізу құжаттарын сауатты әрі сапалы әзірлеу – сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігінің бір бөлігі. Бұл ретте сот әкімшілігі қызметкерлерінің де атқаратын рөлі зор. Кеңсе жұмысын ұйымдастыру, құжат айналымының сапасын қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштері мен сұраныстарына мемлекеттік тілде сауатты жауап беру – күнделікті қызметтің ажырамас бөлігі.

Мемлекеттік тілді дамыту тек құжаттарды қазақ тілінде рәсімдеумен шектелмейді. Ол – азаматтармен ана тілінде еркін қарым-қатынас жасау, ресми ортада қазақ тілінің қолданысын қалыптастыру және қызметтік мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналдыру.

Біздің басты мақсатымыз – мемлекеттік тілдің мәртебесін сөз жүзінде ғана емес, нақты іспен көрсету. Әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметінде қазақ тілін құрметтеп, оның дамуына үлес қосуы қажет. Ана тіліне деген құрмет – Отанға деген құрмет.

Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,
Маңғыстау облысы Қарақия аудандық сотының әкімшісі басшысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6160 дана
Апталық таралым 12320 дана

Тапсырыс № 170 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31